www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

JAS QAZAQ

ISSN 2074-899X

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

№3-4 (835-836)

29 қаңтар 2021 жыл

ЖЫМҚЫРУ

КИНОДАҒЫ «КИНО»

Суреттен көріп тұрғандарыңыздай, бұл – заттардың бағасы. Шын бағасы ма, әлде қолдан жасаған ба, ол жағы әзірге беймәлім. Үш киіз үйдің құны 50 млн теңге деп көрсетілген. Уығы алтыннан, шаңырағы күмістен емес, сазды жерге өсетін кәдімгі қара талдан. Бір тал садақ қорамсағымен бірге 500 мың теңге деп көрсетіліпті. Баяғы батырлардың қозыкөш жерге ұшатын қозыжауырын, қылтамақ садағы емес, бұл да кәдімгі өлеңді жерге өсетін сары талдан иілген әдеттегі садақ болуы мүмкін. Бірақ бағасына қарап бағжаң етесіз.

(Жалғасы 3-бетте)

Қару-жарақ жасауға – **75 млн**

3 киіз үй – **50 млн**

Декорация – **18 млн**

1 ту – **800 мың**

Садақ-қорамсақ – **500 мың**

Қылыш – **380 мың**

Балта – **150 мың**

(Әр қару-жарақ 10 талдан)

Автобус пен жүк көлігі – **1,6 млн**

(бір күндік жалдау ақысы)

Дерекқөзі: time.kz

САУАЛНАМА

ІНДЕТ. ЖАСТАР. ТІРШІЛІК

Өткен жыл бүкіл әлем үшін ауыр болды. Оны тәптіштеудің қажеті шамалы. Карантин кезіндегі қатаң шектеу әркімге әрқалай әсер етті. Біреулер күйзеліске түссе, енді біреулер барынша бейімделуге тырысты. Бұл індеттің салқыны жастарға да оңай соқпағаны анық. Олар карантин кезінде немен айналысты? Жастар бос уақытын қалай өткізді? Қоғамның осы бір белсенді тобы назардан тыс қалып қойған жоқ па? Сөз кезегін жастарға берейік.



(Жалғасы 3-бетте)

ОҚУЛЫҚ ПЕН ОЛҚЫЛЫҚ

«Оқулық сапасына қатысты түйткіл көп. Қазір мектепте пайдаланып жатқан Қазақстан мен әлем тарихы оқулықтарының мазмұны ала-құла. Мен кейбір оқулықтардың оқығанда олардың сапасы төмен екенін көріп таңқалдым. Тарихи оқиғалар мен деректер оқушыға бұрмаланбай жеткізілуі тиіс. Сондықтан бірыңғай «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» мектеп оқулықтарын дайындап, енгізуді тапсырамын».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Президенті

(Оқулық сапасы туралы 3-беттен оқыңыз)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Әкім ТҰРСЫН, *дәрігер:*

МӘМС ӨЗ ЖҰМЫСЫН КӨРСЕТЕ АЛМАЙ ОТЫР

Былтырғы пандемиядан бері халық басты байлықтың денсаулық екенін жақсы ұғынғандай. Дегенмен медицина саласындағы кейбір бағдарламаларды әлі де толық түсінбейді. Тіпті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының (МӘМС) немен айналысатынын, қор қызметін кімдер пайдалана алатынын көпшілік біле бермейді. Қордағы ақшаның игілігін барлық азамат бірдей көріп жүр ме? Біз осы сауалды медицина саласындағы мамандарға қойдық.

Jas qazaq: Әкім мырза, қазір тұрақты жұмыс істейтін кез келген азамат әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына (МӘМС) ай сайын белгілі мөлшерде ақша аударып отырады. Бірақ басы ауырып, балтыры сыздай қалған жағдайда, бәрі бірдей МӘМС-тің игілігін көріп жүр ме?

(Жалғасы 4-бетте)

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	55,99
DOLLAR	423,19
EURO	514,8
РУБЛЬ	5,56

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Толығырақ 2-бетте)

7 KÚN 168 SAǴAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

БИЛІК

Экономикалық өсімді қалпына келтіру, инвестиция тарту, тұрғындардың табысын арттыру, шектеу шараларынан зардап шеккен шағын және орта бизнесті қолдау. Осы және шұғыл шешімін күтіп тұрған өзге де мәселелер Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөз болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, нақты тапсырмалар берді.

1 ТРИЛЛИОН БӨЛІНДІ: НЕБӘРІ 5,5 МЛРД ТЕҢГЕ САЛЫҚ ТӨЛЕНДІ

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы – халықты жұмыспен қамтудың негізгі құралы. Оның «Бастау-бизнес» бағыты бойынша 150 мыңнан астам адам оқып шықты. Бірақ несиеге тек 10 пайызы, грантқа 19 пайызы ие болды. 100 мыңнан астам адам мемлекет қолдауынан тыс қалды. Әсіресе, бағдарламаның ауылдағы түлектеріне қаржы жетпей жатыр. Ендігі кезде бағдарламаның қаржы көлемін ғана емес, оны жүзеге асыру ұстанымдары мен тетіктерін қайта қаралуы керек. Халыққа берілетін шағын несие мөлшерлемесі 6 пайыздан аспауы тиіс.

Мемлекет басшысы үкімет мүшелері мен әкімдердің сатып алудағы жергілікті өнімдердің үлесін арттыру бағытындағы жұмысын сынға алды. Былтыр 9 айда тауарға, жұмысқа және қызмет көрсетуге қатысты сатып алуларды реттеудің жалпы көлемі 12,5 трлн теңгені құрады. Жергілікті тауарлар мен қызмет көрсетуге 6,4 трлн теңге немесе қаржының 52 пайызы бөлінген. Бұл қаржының жартысына жуығы экономикаға жұмсалмаған.

– Бюджеттің триллиондаған қаржысын импортқа жұмсауға қақымыз жоқ. Бұған бюджет әкімшілері тікелей жауап беретін болады. Бізге «семіз» цифрлар қажет емес. Маңыздысы – дұрыс есептеу. Елде тіркелген заңды тұлғаның кез келген өнімі жиі есепке алынатыны туралы ақпарат бар. Ол өзінің тауарын жеткізе ме, әлде сырттан әкеле ме, оны бақылап отырған ешкім жоқ. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне берілген цифрларды бекітілген әдістемеге сәйкес қайта тексеруді тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Халықты жұмыспен қамту мәселесінде де берілген есеп пен атқарылған іс арасында айырмашылық бар. Жұмыспен қамтудың жол картасын жүзеге асыруға 1 трлн теңге бөлінді. Қаржының 98,2 пайызы игерілген. Бағдарлама халықты жұмыспен қамтуда және іскерлік белсенділікті қолдауда маңызды рөл атқарды. Бірақ ондаған, жүздеген мың жұмыс орындарының ашылғаны туралы мәліметті тексеру кезінде айырмашылық бар екені анықталды.

– Азаматтарды қағаз жүзінде ғана жұмысқа орналастыру белең алып отыр. Бірыңғай ақпараттық жүйеге бір адам туралы мәлімет қайта-қайта енгізіледі. Дәл осындай 15 мың жағдай тіркелген. Жұмысқа орналасты деген адамдардың үштен бірі зейнетақы қорына қаржы аудармаған болып шықты. Еңбекпен қамтылғандардың 40 пайызға жуығы «көлеңкеде» қалып қойған. Жұмыспен қамтудың жол картасына бөлінген 1 триллионнан небәрі 5,5 миллиард теңге салық төленген. Бұл – жарты-ақ пайыз деген сөз! Мемлекеттік кіріске жауапты органдар мәселені қатаң бақылауға алуы керек. Қажет болса, құқық қорғау органдарын да осы жұмысқа тартамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жалған кәсіпорындар мен әдейі салық төлемейтіндерге қарсы жұмысты жүйелі түрде күшейтуді талап етті. «Көлеңкелі» экономикаға қарсы күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін Экономикалық қылмыстармен күрес агенттігі құрылады.

– Өздерінің Арнайы экономикалық аймақтарын нақты дамытумен айналыспайтын әкімдердің жағдайы қыл үстінде тұрғанын атап өткім келеді. Біз ондай аймақтарды жабамыз және оларға бюджет қаржысын шығындамаймыз. Біз бұл проблеманы тез арада шешуіміз керек. Сондай-ақ Үкімет пен Ұлттық банк инфляцияны 2021-2022 жылдары 4-6 пайызға, 2025 жылы 3-4 пайызға дейін төмендетуі керек. Қаржы секторының орнықтылығы – экономиканы дамытудың анықтаушы факторы, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Жер кодексінің кейбір нормаларына жарияланған мораторийдің биыл аяқталатынына назар аударды. Осыған байланысты Үкіметке Жер комиссиясының жұмысын қайта жандандыруды және қараша айына дейін түзетулерді қабылдауды тапсырды.

Бүгінгі күннің өзекті бір тақырыбы – баспана мәселесін шешу үшін зейнетақы жинақтарын пайдалану. Осы орайда Президент тұрғын үй нарығында бағаның өсуіне жол бермеу, екі апта ішінде тұрғын үй саясатын жетілдіру бойынша жаңа ұсыныстар топтамасын енгізу жөнінде Үкіметке тапсырма берді.

Кезек күттірмейтін тағы бір мәселе – вакцина егу. Бұл дағдарысты еңсерудің нақты әрі жүйелі шарасы болып отыр. Дайындық жұмыстарын тексергенде, вакцинаны сақтауға арналған тоназытқыш жабдықтарының қажетті көлемі жетіспейтіні анықталды. Үкіметке әкімдермен бірлесіп, 1 ақпаннан бастап жаппай вакциналауға кірісу тапсырылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ең басты міндет жұрттың өмір сапасын жақсартып, табысын арттыру екенін тағы да атап өтті. Мемлекеттік органдардың әрбір шешімі мен әрекеті экономиканы дамытуға және халық игілігіне бағытталуы тиіс.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.t°

PANDEMIALS

Газетіміздің бұл санында редакцияда өндірістік тәжірибеден өтіп жатқан студенттер жүргізген сауалнаманы жариялап отырмыз. Пандемия кезіндегі жастардың тыныс-тіршілігі төңірегінде. Социологияның талапшыл шарттарына сай келмеуі де мүмкін. Дегенмен, қазынадан қыруар қаржы алатын, бірақ қызметі шынайы өмір мен қазақ тілді ортадан алыстау зерттеу орталықтарының есебіндей емес, өмірге жақын. Өскелең ұрпақпен жұмыс істеуге тиіс құзырлы мекемелер бұған назар аударса, қанеки.

Өйткені, күнделікті тіршілікке тоқтаусыз еніп жатқан өзгерістер осы мәселеге айрықша мән беруді талап етеді. Әсіресе, жас буынның азаматтық ұстанымы мен көзқарасын білдіруде әлеуметтік желі өзінің ықпалды күш екенін дәлелдей түсті. Бұл осы Америка мен Ресейде болған шеру кезінде де анық байқалды. Содан шығар, сарапшы қауым дереу «Сен саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады» дейтін қанатты сөзді қайта еске түсірді. Бұл жерде «саясат» деп жастар түйткілін меңзегені түсінікті.

Коронавирус кеселі Pandemials, яғни «Пандемия толқыны» дейтін жаңа терминді дүниеге әкелді. Дүниежүзілік экономикалық форум (WEF) ендігі жерде адамзаттың жаңа құбылыспен бетпе-бет екендігін жария етті. Ұйымның есебінде пандемиядан, әсіресе, жастардың айтарлықтай зардап шеккені айтылған. Мәселен, түрлі цифрлық *(интернетті пайдалану)* алшақтық *(digital gap)* ұлғайып барады. Біріккен Араб Әмірліктерінде тұрғындардың бәрі ғаламторды пайдаланады. Бірақ Бангладеште бұл көрсеткіш небәрі -12 пайыз. Соның кесірінен цифрлық технологиядан мақұрым жұмысшы табы (dijital underclass of workers) қалыптасып келеді.

Қашықтықтан оқу кезінде оқушы мен студент биік төбе мен үйдің шатырына шығып кеткен бізде қандай? Құзырлы министрлікті тыңдасаң, «қияндағы ауылда да ешқандай проблема жоқ». Интернеттің игілігін қала жұрты көріп жүр. Алдамшы жарнаманы әнші мен блогердің табыс көзіне айналдырып алғанын бәрі біледі. Ауылдағы ағайынға шексіз, шетсіз мүмкіндік әзірге арман.

WEF аталған салаға арналған зерттеуінде тағы бір қорқынышты деректі алға тартады. Әлемдегі жастардың үштен бірі цифрлық білім беретін технологияға қолы жетпейді. Ал 80 пайызы, сөз жоқ, пандемия кезінде зардап шекті. Соның салдарынан пандемия толқынын құрайтын 15 пен 24 арасындағы жастарды ең алдымен жеткілікті жалақы, сапалы білім жайы толғандырады. Өмірімізге дендеп еніп жатқан цифрлық технология білімдінің қарнын тойғызып, оған қолы жетпегенді көштен кейін қалдыратын сияқты. Ресейлік публицист Леонид Млечин былай деп жазады. «Ескірген өндіріс ошақтары жабылып, адамдар қажет болмай жатыр. Ал жоғары технологиямен жұмыс істеуге олардың білімі жете бермейді. Адамдардың табысы азайған сайын олар мемлекеттің қолдауына арқа сүйегісі келеді. Міне, осыдан кейін ұраншыл популизм саяси сахнаға қайта оралды».

Пандемия толқыны ешбір елді бей-жай қалдырмайтын қатал құбылыс. Ол өскелең ұрпақ тағдыры назардан түспейтін көкейкесті мәселе екенін тағы да қаперге салып отыр.

Срайыл СМАЙЫЛ

Аптаның айтары

«Халықаралық және геосаяси жағдайларға байланысты біздің елге көшіп келген әр адамның құжаттары тиісті мекемелерде мұқият тексеруден өтетіні қисынды. Алайда жеке құжаттарында ұлты жазылмаған қандастарымыздың алды 9 жыл, соңы 2 жыл аралығында азаматтық ала алмауының нақты себебін түсіндіруге не кедергі? Олардың бәрі баланы мектепке беру, дәрігерге қаратып, балабақшаға тіркелудің қиын екенін айтады. Елге оралғысы келетін және оралған азаматтар отбасыларынан ажырап, екі-үш мемлекет территориясында өмір сүруге мәжбүр екені де ащы шындық. Мұндай отбасылар еліміздің әр аймағында бар десек, қателеспейміз. Ал олардың Қазақстанда дүниеге келіп, балаларының құжатын рәсімдемегенін ескерсек, тіркеуде жоқ бүлдіршіндердің нақты есебін кім айтып бере алады?»

Ғазиз ҚҰЛАХМЕТОВ,
Мәжіліс депутаты

Аптаның алаңы

Ирина СМИРНОВА, *Мәжіліс депутаты:*

«Алматы тұрғындарының 80 пайызы ипотекаға қол жеткізе алмайды. Олар қаланың арзан аймағында қоныстанып, өз жағдайын жасауға тырысады. Мемлекетке ауыртпалық түсірмесе де, көбінің қолжетімді баспана алуға мүмкіндігі жоқ. Сондықтан олар қала сыртында немесе саяжайда тұруға мәжбүр. Ал ондай жерде шешілмеген мәселе көп. Атап айтсақ, мектеп, балабақша, емхана, спорт кешені. Ал газ бен жарық орнату үшін қосымша қаржы төлейді. Сөйтіп олар салықпен бірге қосымша қызметтерге де төлеп, екі есе шығынға батып отыр».

Сөз-Жебе

Роза РЫМБАЕВА,
Қазақстанның халық әртісі:

«Барлығы халықтың таңдауына байланысты... Сіздер тыңдарманның талабы қалай екенін білесіздер. Музыканы түсінетін адамдар әнді тыңдайды. Түсінбейтін таяз адамдарға «чип-чиптің» өзі жарай береді. Бірақ мұның бәрі уақытша құбылыс. Нағыз өнер халықтың жүрегінде жылдар бойына сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады».

COVID-19

БЕТПЕРДЕ РЕЖИМІН ЖИІ БҰЗАТЫН ӘҢІРЛЕР 2020 ЖЫЛ



Түркістан	5014
Алматы	4775
ШҚО	1831
Маңғыстау	204
Павлодар	523
Жамбыл	590

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛҒАНДАР

Алматы	4434
Түркістан	4009
ШҚО	1126

Дереккөзі: Бас прокуратура

Қызықстан қызықтары

БАЛАНЫҢ ӘКЕСІ КІМ?

Сыр өңірінде сот қазысы бұрынғы күйеуін әкелік міндетінен заңсыз айырыпты.

Бірінші күйеуінен заңды ажырасқан сот төрағасы екінші рет жергілікті кәсіпкерге тұрмысқа шығады. Қызы өмірге келеді. Kaztag.kz сайты жазғандай, екінші күйеуімен дәм-тұзы жараспаған келіншек үшінші рет тағы бір кәсіпкерге тұрмысқа шығады. Бірақ екінші күйеуін әкеліктен айырып, қызына үшінші күйеуінің тегін береді. Бұл жұбайы кенеттен қайтыс болып, сот төрағасы оның тікелей мұрагеріне айналады. Осы кезде өзін әкеліктен айырған екінші күйеуі құқық қорғау органдарына жүгініп, әкелігін мойындату үшін шағым түсіреді. Қазір белгілі заңгерлер сот процесіндегі осындай былықтарды түбегейлі ретке келтіруді талап етуде.

QOǴAM
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

Жымқыру

(Басы 1-бетте)

Бұл – басы таудай, аяғы қылдай болған «Қасым хан» фильміне бөлінген қаржының қағаз бетіндегі есебі. Естеріңізде болса, осыдан екі жыл бұрын «Қазақфильм» киностудиясы Қасым хан туралы тарихи фильм түсірмекші болып, басын таудай қылған-ды. Соның аяғы қылдай болыпты.

Әуелде фильм сценарийін белгілі жазушы Смағұл Елубай жазғанымен, сол кездегі мәдениет және спорт министрі тарихи драманы түрік режиссері Метин Гүнайға тапсырып, дау содан шыққан-ды. Ол туралы газетіміздің 2019 жылғы (№43, 25.10) санында жазып, Смағұл Елубайдан сұхбат алғанбыз.

КИНОДАҒЫ «КИНО»

БІР ПІКІР

Смағұл ЕЛУБАЙ, *жазушы:*

Бұған дейін мен журналистердің сұрағына бір ауыз сөзбен жауап берген едім. «Бұл қандай жағдай? Сіз қандай жағдайда сценарийді бастаған едіңіз?» деген сұрақтар қойды. Сол кезде сценарий «тарихын» түгел айтып берген едім. Ол енді бұған дейін айтылып жүрген, бүкіл қоғамға белгілі жағдай. О баста түрік режиссері Метин Гүнай 70 сериалы фильм түсіремін деді ғой. Біз: «Қазақ тарихына қатысты фильмді түрік режиссері қалай түсіреді?» деп қарсы мақала жазғаннан кейін, жоғарғы жақтан бұл әңгімеге нүкте қойылды. Сөйтіп, Гүнай кино түсірмейтін болды.

Кейін, көпбөлімді емес, прокаттық бір фильм жасайтын болды. Оны Ақан Сатаевқа тапсырды. Ал менің жазған сценарийім, екі жыл еткен еңбегім далада қалды. Ешкім екі тиын төлеген жоқ. Журналистер «фильм туралы пікір айтасыз ба» деп хабарласты. Фильм түгілі, сценарийді көрген жоқпыз ғой. Көрмеген дүниеге не айтамын? Ақан жазып жатыр. Жазып біткен соң оқып, танысып көрейік. Пікір беру қашпас. Сценарий біткен соң талқылау болады. Жақсы болса, батамызды береміз. Өйткені Қасым хан тұтас қазаққа ортақ тұлға. Оның өмірбаяны туралы картина жасау – үлкен жауапкершілікті қажет ететін дүние. Ондай фильмге жүрдім-бардым қарауға болмайды. Ал фильмге бөлінген ақшаның не үшін талан-таражға түскенін білмеймін.

«Қазақфильм» киностудиясы фильмнің алғашқы дайындығына 30 млн теңге бөліпті. «Время» басылымы келтірген мәліметке сүйенсек, әлгі ақшаның 22,5 млн теңгесін әлі түсірілмеген кинонның продюсері Қуаныш Ахметов алып, фильмге қажетті қару-жарақ жасатпақшы болған көрінеді. Бірақ қағаз бетінде бар, қоймада жоқ қарудың әңгімесі соттан бір-ақ шығыпты.

Әуелде 90 минуттық 25 сериалы фильм болады деп жоспарланған тарихи драмаға 1,3 млрд теңге бөлініпті. Кейін прокаттық фильмге ауысқан кезінде, оған тағы да ақша қосылған. Енді осы картинаның ісі сотта қаралып жатыр. Бұрын аурухана, мектеп, зауыт сияқты ірі өндірістің құрылысына бөлінген ақшаны жеп ұсталыпты дегенді естуші едік. Енді түсірілмеген кинонның тиынын жегендер шықты.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Тақырыпқа орай

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев үкіметтің кеңейтілген отырысында мектеп оқулығына қатысты пікір білдіріп, «Қазақстан тарихы» мен «Дүниежүзі тарихы» пәндеріне көңілі толмайтынын айтты. Тіпті кейбір оқулықтардың сапасын көріп, таң қалғанын жеткізді. Сондай-ақ осы екі пән бойынша үкіметке бірыңғай оқулық дайындауды тапсырды. Оқулықтағы олқылық бұған дейін де біздің басылымда талай мәрте жазылған. Мемлекет басшысы айтқан оқулық мазмұнындағы кемшілік туралы тарихшылар біле ме?

(Басы 1-бетте)

Негізінде, біздің тарих 1991 жылдан бергі Тәуелсіз Қазақстанның тарихы ретінде ғана жазылып келе жатыр. Бірнеше ғасыр бұрын құрылған қағанаттардың, одан кейінгі ордалардың тарихын ұмыт қалдырдық. Одан кейін қазақ хандықтарының тарихы бар. Осылайша, мемлекет құрушы қазақтардың тарихы аз айтылады.

Талас ОМАРБЕКОВ, *тарих ғылымдарының докторы, профессор:*

ҰЛТ ТАРИХЫ ҰМЫТ ҚАЛМАСЫН!

Ал енді басқа елдерді қарасаңыздар, мәселен, дамыған елдерді алатын болсақ, олар мемлекеттің тарихын емес, ең алдымен халқының қалыптасу тарихын зерттейді. Мысалы, қытай мен жапондар өз халқының шығу тарихын бірінші орынға қояды. Біз Кеңес одағы кезінде амалсыздан мемлекет тарихына мән бердік. Сондықтан қазақ халқының тарихына қатысты тарихи даталар зерттелмей қалды. Одан кейін, кейбір жеке тарихи тұлғалардың туған жылы мен өмірден өткен жылы анық емес. Өйткені бізде хандардың, билер мен батырлардың тарихын зерттесең, ұлтшылсың немесе рушылсың. Дәл сондай айыптаумен талай ғалымдарымыз қуғындалды. Ермұхан Бекмаханов сотталып келгеннен кейін шәкірттерінің бәріне ұлт-азаттық қозғалысынан алыс теміржолдың тарихы, кооперация, колхоз-совхоздың тарихы сияқты тақырыптарды берді.

Қазақ тарихы Тәуелсіздіктің 30 жылында тоқырауға ұшырады. Біздегі үлкен кемшілік – ұлттық тақырыптарға әлі бара алмай отыруымыз. Мысалы, 1929-30 жылдардағы ұжымдастыру кезіндегі көтерілістерді алайық. Бұл тақырып ешкімге ұнамайды. Ал енді Желтоқсан оқиғасына баға беретін зерттеулер – ол да ешкімге ұнамайды. Әрі қарай бара беретін болсақ, Кенесары тұсындағы көтерілістер бар.

Одан кейінгісі – ашаршылық. XX ғасырда үш рет ашаршылық болды. 1917-20 жыл, 1920-21, 1931-33 жылдардағы нәубет. Алғашқы аштық 1921-22 жылы болды. Ол азамат соғысы кезінде болған ашаршылық емес. Сол тұста еліміздің біраз жерінде жаппай жұт болды. Ал азаматтық соғыс дегеніміз – 1920-21 жылғы соғыс. 1931-32 жылғы ашаршылықтың алдыңғы себебі де байларды тәркілеуден басталады. Сондықтан тарихи шындық айтылуы керек. Мен неге бұларды айтып отырмын? Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Әділеттің ақ жолы», «Тарих толқыны» сияқты кітаптарында: «Ашаршылықты, ұлттық тарихымызды зерттеңіздер» деген болатын. Сол кезде ашаршылық тақырыбы көптеген тарихшылар үшін «сәнге» айналды. Ал енді мынаған назар аударайықшы. Осылардың ешқайсысын білім және ғылым министрлігі тарихшыларға тақырып ретінде берген емес. Олардан «осы тақырыпты зерттеңіздерші» деген ұсыныс та болған жоқ. Білім және ғылым министрлігі осы тақырыпты зерттеші деп айтса, біз тарихшылар қол қусырып отырмайтын едік!

Жазып алған Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Сауалнама

(Басы 1-бетте)

ІНДЕТ. ЖАСТАР. ТІРШІЛІК

Қуаныш ПЕРНЕБЕК

Жасым он алтыда. Колледждің 2-курс студентімін. Карантин кезінде ауылда болдым. Мал бағып, атам мен әжеме көмектестім. Грантпен оқып, шәкіртақы алғандықтан, онлайн сабаққа қатысып отырдым. Алайда интернеттің нашарлығынан сабақты бас алмай оқуға тура келді. Қашықтан оқу маған күйзеліс әкелді, басым жиі ауыратын болды. Жер үйде тұрамыз. Мал бағамыз. Уақытша шопан болып қой бақтым. Карантин кезінде мал баққаным да жақсы болды. Үлкен қалада тұратындар пәтерінен аттап шыға алмай қалды ғой. Ал ауылдағы біз үшін оқшауланы жеңіл өтті деуге болады.

Ләззат ТӨЛЕУХАН

Мен биыл жиырма жасқа келдім. Алматыдағы шет тілдер және іскерлік карьера университетінің 2-курс студентімін. Мамандығым – аударма ісі. Карантинге байланысты сабағымыз қашықтан өтіп жатыр. Пандемияның алғашқы кезінде ата-анамның, яғни отбасымның жанында болдым. Кейін жаздық демалыс басталған соң құр жатпайын деп, жұмысқа тұрдым. Ақылы бөлімде оқитындықтан, жұмыс істеуіме тура келді. Жер-жерде жұмысшыларды жаппай қысқарту болғандықтан, өз мамандығым бойынша жұмыс таба алмадым, практикадан да өте алмадым. Сондықтан қоғамдық тамақтану орталығында есепші қызметін атқардым. Сабақ онлайн режимде өтті, шамам келгенше қатысып отырдым. Дегенмен сабаққа кірмей қалатын күндерім де жоқ емес. Бір жақсысы, мұғалімдерім түсіністікпен қарады. Осындай ауыр кезеңді елмен бірге жеңеміз деп үміттемін! Ең бастысы, сақтық шараларын ұстаныңыздар!

Нұрай АЛМАХАМБЕТ

Нархоз университетін карантиннің бірінші толқынында тәмамдадым. Мамандығым – қаржыгер. Індет кезінде диплом жұмысын жазып, 92 балл алдым. Алайда бұл маған оңайшылықпен келген жоқ. Диплом қорғау барысында біршама техникалық ақаулық кездесті. 4 жыл бойы күткен диплом табыстау шарасы да әдеттегідей өтпеді. Шектеу талабына дейін мамандығым бойынша жұмыс істейтінмін. Екі күн жұмыста, екі күн үйде болдым. Басқаларға қарағанда, менің жұмысым тоқтаған жоқ. Сол себепті бұл кезең маған онша сезілмеді. Әрі ақшадан таршылық көрген жоқпын. Демалыс күндері өзімді дамыту бойынша түрлі онлайн курстарға қатыстым. Бәріміз білетіндей, жеткізу қызметі жақсы дамығандықтан, өзімнің қызығушылығыммен тапсырысқа тамақ пісіріп, біраз ақша жинадым. Оны аз десеңіз, жұрт індеттен қорқып жүргенде, мен Дубайға барып саяхаттап қайттым. Бір қызығы, ол жақта індеттен сақтану тәртібі бізден қатаң көрінді. Жалпы 2020 жыл мен үшін жаңа мүмкіндіктің бастауы болды.

Әсел РАҚЫМБАЙ

Шанхай университетінің магистрі, халықаралық қатынастар маманымын. Елге қысқы демалысқа келгенім сол еді, бір аптадан кейін Қытай шекарасын жапты. Өкінішке қарай, барлық заттарым сол елде қалып қойды. Бес ай бойы қашықтан оқып, дипломымды пошта арқылы алдым. Кенеттен келген індет мінезімді қатты өзгертті. Күнде үйдегілермен жиі ұрысып, келіспей қалатын кездеріміз көбейді. Ал қазір жұмысқа тұрып, жаңа ортамен таныстым. Төтенше жағдай шарасы жеңілдетілгеннен кейін, жиі тауға шығуды әдетке айналдырдым. Өзімді күйзелістен осылай жеңіп шықтым десем де болады.

Сауалнама жүргізгендер:
Бақытжан АМАНБОЛҚЫЗЫ, Тоғжан ӘБДЕШ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің студенттері

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Жедел сұхбат

(Басы 1-бетте)

Әкім ТҰРСЫН, *дәрігер:*

МӘМС ӨЗ ЖҰМЫСЫН КӨРСЕТЕ АЛМАЙ ОТЫР

Ә.Тұрсын: Жаңа заң бойынша, ай сайын жұмыс беруші тарапынан 2 пайыз, қызметкер тарапынан 2 пайыз ақша МӘМС-ке аударылып отырады. Бірақ кез келген жағдай кезінде, қор тарапынан азаматтардың талабы орындала бермейді. Бұл шындық. Сіздің сұрағыңызды түсініп отырмын. Неге? Өйткені бұл жерде құжат түрінде шешілмеген мәселелер баршылық. Мысалы, омыртқа жарығымен *(грыжа)* емделдіңіз дейік. Сізге берілетін дәрі-дәрмек, салынатын ине тегін болғанымен, физиотерапия ақылы болады. Міне, осы сияқты құжат жүзінде әлі де шешілмеген мәселе көп. Физиотерапия МӘМС-тің тізімінде болғанымен, яғни тарификаторда бекітілгенімен, осындай қосымша ем-дом ретінде ғана көрсетілген кемшіліктері бар. Оны жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан кейбір азаматтар қор тарапынан толыққанды ем-дом ала алмайды.

Әдетте, сақтандыру статусы жоқ азаматтарға да МӘМС-тен қаражат бөлінеді. Бірақ бұл жерде 15 түрлі категория бар. Оның ішіне көпбалалы ана, мүгедек, баласы үш жасқа толмаған аналар сияқты бірнеше әлеуметтік топтарға барлық медициналық көмек тегін көрсетіледі.

Jas qazaq: Бұл сұрақты қойып отырған себебіміз, былтыр пандемия кезінде жұрт үйінде қамалып, бағасы шарықтап кеткен дәрі-дәрмекті өз қалтасынан ақша шығарып сатып алуға мәжбүр болды. Сол кезде халық арасында: «Игілігін көре алмаған МӘМС не үшін қажет?» деген сұрақ туды. Сіз қалай ойлайсыз? Қорға жыл сайын қанша ақша аударылады, қаншасы халық денсаулығы үшін кәдеге жаратылады немесе жаратылмай отыр?

Ә.Тұрсын: МӘМС бойынша халыққа барлық дәрі-дәрмек тегін берілу керек деп айтылады. Әр адам ауырған кезде өзі тіркелген емханаға немесе өзі келісімшарт жасасқан емханаға барып, дәрі алып, ине салдыруға құқығы бар. Бірақ кешегі пандемия кезінде жұрт жаппай ауырды, емханаларда адамның көптігі соншалық, ұзын-сонар кезек болды. Оның үстіне, коронавируспен ауырған адамды кез келген аурухана қабылдамайды, оны жұқпалы аурулар ауруханасы ғана қабылдайды деп, әртүрлі категорияға бөліп тастады. Сөйтіп халықта үрей пайда болды. Дәрігерлер ауырып келген адамды қарап үлгермеді.

Мынадай мәселеге тоқтала кетейін. Базарда жұмыс істейтін немесе өзге де іспен айналысатын жеке кәсіпкерлер осы пандемия кезінде МӘМС-тің игілігін көре алмаған болуы мүмкін. Олар белгілі мөлшерде қорға жыл сайын бір рет өздері ақша аударып отыруы керек еді. Сол ақша есебінен ем-дом ала алады. Ал жұмыссыздар мемлекет есебінен емделеді. Бірақ осының бәрі пандемия кезінде қойыртпақ болып кетті. Оның үстіне, МӘМС-тің үш жылғы қаражаты былтыр індет кезінде жаратылып кетті. Дәрігерлерге төленетін айлықтың үстемақысын білесіздер. Үш категория бойынша төленді. Біріншісіне 800 мың, екіншісіне 450 мың, үшіншісіне 250 мың теңге. Осындай шығын есебінен қордың ақшасы азайды. Дегенмен алда мұның бір жолы қарастырылатын шығар.

Jas qazaq: Осы аптада МӘМС қызметкерлерінің айлығы туралы ақпарат жарияланды. Басқарма төрағасының ай сайынғы табысы 1 500 000 теңге екен. Ол ақша – сіз бен біздің салыққа төлеген, МӘМС-ке құйған ақшамыз шығар. Жалпы МӘМС-тің қарапайым халық түсіне бермейтін қандай кемшіліктері бар? Халық өздерінің медициналық құқығын біле ме, МӘМС соны түсіндіре ме?

Ә.Тұрсын: Ондай айлықты алдыңғы басшылар да алып келді. МӘМС халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізуі керек. Бірақ сіз сұрап отырғандай, олар көп жағдайда жұмысын әйгілейтін жарнамамен айналысып жатқан жоқ. Жұрт өз денсаулығын сақтандыру мәселесін дұрыс түсінуі керек. Жыл сайын 10 мың ба, 15 мың теңге ме, қорға белгілі мөлшерде ақша аударып қойса, ол оның денсаулығы үшін үлкен көмек болар еді. Бірақ оны қарапайым халықтың түсінбей отыруы – МӘМС-тің жұмыс жүргізудегі кемшілігі. Оған халық кінәлі емес. Қор жыл сайын өздерінің жұмысын халыққа түсіндіру үшін, жарнамасы үшін қомақты қаражат бөліп отыр. Бірақ медицина саласында жүрсек те, кейбір ақпарат біздің өзімізге уақытында жете бермейді. Жұмыс атқарылып жатыр, бірақ көрсете алмайды. Оны көрсету үшін қоғам белсенділерін, қоғамға белгілі, танымалы адамдарды өздеріне шақырып, сарапшы ретінде жұмыстарына қосатын болса, істеріне көп жеңілдік болар еді.

Жарас ШӨКЕ

Түйткіл

МАҚТАРАЛДА ӨТЕМАҚЫНЫ КІМ ТӨЛЕЙДІ?

Қараша айында жауған алғашқы жаңбыр мен қарға шыдамай, опырылған Мақтаралдағы «мақтаулы» үйлер туралы бұған дейін жазғанбыз. Сол Мырзакент жақтан редакциямызға тағы бір жайсыз хабар жетті. 30-ға жуық кәсіпкер су шайып кеткен тауарының өтемақысын 9 айдан бері ала алмай, арқа еті арша, борбай еті борша боп жүр екен.

Мәселе былай. Жеңіс, Жаңатұрмыс, Фердауси ауылдарында 12 дүкен, 5 балабақша, 1 жүн түту цехы, 1 күріш диірмені, 1 монша, т.б. иесі қарызға белшесінен батқан. Кәсібінен, мүлкінен айырылған. Ісін дөңгелету үшін қарызға, несиеге алған тауары, соққан ғимараты, оның ішіндегі жиһазын бір түнде су шайып кетті. Енді соның сұрауын сұраймын деп жазықты болуда. Айтып келмеген апат деп қоя салайын десе, тауарын қарызға берген адамдар ақшасын сұрап жеп барады. Тиісті өтемін алуға әрекет жасаса, облыс әкімінен бастап аудан, ауыл әкімінің, кәсіпкерлік бөлімі басшысының бір ғана жауабын естиді. «Зардап шеккен кәсіпкерлік нысандарына заң жүзінде ешқандай қаржы қарастырылмаған». Әкімге барса, ол «Атамекенге» ҰКП-на сілтейді. Ал кәсіпкерлер палатасы «Түркістан» әлеуметтік даму Корпоративтік қорына жүгін деп басын алып қашады. «Судың да сұрауы бар» емес пе?! Екі ортада нанынан айырылғанымен қоймай, тірнектеп жиған тауарын су шайып кетсе, бейшара халге түскен кәсіпкердің мұңына кім құлақ асады?!

Кәсіп ашпақ түгілі күнкөрістің өзі қиындап тұрған карантин кезеңінде су шайып кеткен тауар шығыны қалай және қайдан өтелмек енді? Бізге хабарласқан 30 шақты кәсіпкердің шағымын мұқият тыңдадық.

БӘРІН СУ ШАЙЫП КЕТТІ

Жеке кәсіпкер Гүлжәмила Көгенбаева – Жеңіс ауылы «Мұрагер» көшесі, №10 үйдің тұрғыны. Жетісайдың базарында киім-кешек сататын бір сауда нүктесі және сән салоны болған екен. Айтуы бойынша, су басқанға дейін салықтың барлығын төлеп тұрыпты. Елде карантин басталған соң, ол бүкіл сауда нүктелерін жауып, 2 млн 150 мың теңгенің тауары мен заттарын үйіне әкеліп қояды. Сардоба су қоймасы жарылып, Мақтаралдың бірнеше ауылын су алғанда, соншама зат жарамсыз болып қалған.

«Арызымды аудан әкіміне де, комиссияның қарауына да қалдырғанмын.

Видеоға түсіріп алып, Төтенше жағдайлар департаментіне де көрсеттім. Облыс әкімі Ө.Шөкеевтің қабылдауына кірейін десем, төрт ай бойы бетімді қақпайлай берген соң Президентке дейін хат жазуыма тура келді. Бізде жоғары жақтан ғана аяқ тартады ғой. Мемлекет басшысына шыққан соң Шөкеев мені қабылдады-ау. «Комиссия барып тексереді» деген. Бірақ тірі жан келіп, тексерген жоқ. «Алдағы уақытта қаралады» деумен қаншама ай өтіп кетті. Облыс басшысы мен оның орынбасарының қабылдауында болғаннан кейін ғана аудандағы жауаптылар менің тауарларымның фотобейне айғақтарын сұратып, өздеріне тіркегеніне екі-ақ апта өтті.

Жауапты хаттамамды ала алмағаннан кейін адвокатқа жүгіндім. Адвокаттық сұраныс арқылы ғана жауап алып отырдық. Оған дейін қағаз жүзінде ешқандай жауап бермеді. Соңында қазан айында тұрғындарға үй беретін кезде: «Сіздерге ешнәрсе төленбейді, кәсіптеріңізді сақтандыруға қоймағансыздар» деп мүлде басқа арнаға бұрып жіберді. Ал кәсіп нысандарын сақтандыру 2021 жылдан бастап жүзеге асатынын салық комитетінде істейтін танысымнан білдім. Демек «сақтандыруға қойылмаған» дегені – сыныққа сылтау болып тұр», – дейді Г.Исраилқызы.

Өзі қарызға кіріп шақшадай басы шарадай болған Көгенбаеваға «Атамекен» кәсіпкерлер палатасындағылар тағы да несие алуға ұсыныс жасаған көрінеді. «Қазіргі жалдап тұрып жатқан пәтеріміздің қуып жатыр. Анамның зейнетақысына күн көріп отырмыз. Ол кәсібін қайта қолға алсын деп өз атынан несие алып берді. Судан зардап шегіп, зәрезап болып отырғанда, тағы да қос-қос несие алғызып, қайтадан мемлекетке қарыз қылып қоймақ па?», – дейді ол.

«БІЗДЕ АҚША ЖОҚ»

«Жеңіс» ауылындағы «Би бүлдіршін» балабақшасы 2012 жылы ашылған болатын. Сардобаның суы бұл бөбекжайды да айналып өтпеді. Бүгінде балабақша ғимараты жарамсыз ғимаратты бағалағанда екіқабатты ғимараттың шығыны 22 миллионға бағаланды. Кезінде 50 мың долларға сатып алған ғимаратыма 17 млн теңге өтемақы берсе болды, одан артық ақша сұрап жатқан жоқпын», – дейді Асқар мырза күйінгенінен.

Дәл осы ауылда «Ұлбосын ана» дүкенінің иесі Қаламқас Көшекееваның да азық-түлік дүкенін 1 мамырдың түнінде су басқан. «8 млн теңгеге шығындалдым. Бірақ ешқандай өтемақы төленбеді. Шығынды талап етіп баратын жердің бәріне де барып жатырмын. Одан ешқандай нәтиже шықпады», – дейді қарт ана.

Исроил Шадиевтің Жаңажол ауылдық округі, Фердауси елді мекені, Түркістан көшесі, № 46/В *(мемлекеттік акт 19-288-225-617)* жер телімінде орналасқан кәсіпкерлік мақсаттағы сауда дүкені де төтенше жағдайдан зардап шеккен. Әлі күнге өтемақысын ала алмай әуре.

ТҮБІРТЕК ТАППАЙ ТҰҢІЛДІ

«Жаңатұрмыс» ауылының тұрғыны Фариза Жалғабаева – редакцияға хабарласқан кәсіпкерлердің ішінде ең жасы. 26-да. Бішкек жайма базарынан Мырзакенттегі базарға киім-кешек әкеліп сатады. Ол 2 млн теңгенің тауары шығын болғанын айтады.

«Тауарды қарызға алғаным былай тұрсын, саудамды айналдыру үшін 900 мың теңге несие алғанмын. Оны 1,5 млн қылып қайтаруым керек болған. Карантинде үш ай несиелік каникул алдым. Үй-күйсіз мектеп ғимаратында түнеп жүргенде «үстеме пайызымен төлеңіз» деп хат келді. Мен қиын жағдайда далада қалғанда төлей алмаймын дегенімде, тауар алатын адамдарыңыздан анықтама қағаз әкеліңіз деді. Ал олар өздеріне зиян тиіп кете ме деп қорықты. Бүткіл тауарым суға кетіп қалған. Жаймадан алып жаймаға сатқандықтан, ешқандай түбіртек берілмейді. 2 млн теңгенің тауарына 70 мың теңге салық төлейсіз деді. Оның үстіне ЖК (ИП) болып тіркелмегендіктен, бұдан түк шықпасын білдім де, қоя салдым», – деді.

Фаризаның сөзінен ұққанымыз, әр отбасындағы адам басына 100 мың теңгеден ақша беріліпті. Оның отбасы 500 мың теңге алыпты. Ол ақша қырдағы малдың жем-суына, барып-қайту жолына жұмсалып кеткен. Қырда шөп таусылып, мал қырылып бара жатқан соң, ақыры 56 қойды 500 мың теңгеге сатуға мәжбүр деп танылған. Басшысы Асқар Биболов не жер телімі, не өтемақы ала алмай жүр. Бармаған жері, баспаған тауы жоқ.

«Су басқаннан кейін кәсіпкерлік нысандарына да толық өтемақы беріледі делінген басында. Тұрғын үйлерге 17 млн теңгеден берілді. Ал балабақшамызға «Атамекен» КП береді дейді. Олар «бізде ақша жоқ» дейді. Бір-біріне сілтеп отыр.



Премьер-Министр Асқар Мәминнің Түркістан облысына жұмыс сапарымен келіп кеткендегі қорытынды хаттамасын жалау етіп алдыңнан жүгіріп шығады. «Кәсіпкерлікті қолдаймыз» деп жер-жаһанға жариялағанда алдына жан салмайды. Ал іс жүзінде керісінше. Кәсіпкерлердің сағын сындырып, жерге тығып жатыр. Асқар Мәминнің хаттамасы Заң жобасы емес қой. Осындай әділетсіздіктерден кезінде кәсіп ашқаныма бармағымды тістеп жүрмін. Негізі болыпты. Жалғабаевтар отбасының он бес сиырынан сегіз сиыр қалды. Оның сүтін сауып базарға шығарады. Одан анау айтқан пайда артыла қоймайды. Бірақ сонда да мал бағуды тоқтатпаған. Қайтадан қарызға тауар алып, саудасын жүргізіп жатыр. Бұрынғы қарыздары сол күйінде. Құдайға қараған біреулері кешірсе, енді бірі «жағдайың болғанда берерсің» деп айтатын көрінеді.

ДЕМЕУШІГЕ ҮМІТ АРТТЫ

Міне, өтемақысын өндіре алмай жүрген бірнеше кәсіпкердің жағдайы осындай. Ал солар табалдырығын тоздырған тиісті мекеме басшыларының да өзіндік уәжі бар. Мақтарал аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Өсер Мырзамдамов та Үкімет басшысы Асқар Мәминнің жұмыс сапары кезінде түзілген хаттамасын алға тартты.

«Сол хаттамада «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы көмек береді» деген тармақ бар. Алайда мемлекет тарапынан «кәсіпкерлерге қандай да бір көмек берілсін» деген тармақ жоқ. Г.Көгенбаеваның өзі Президенттен бастап Прокуратура дейсіз бе, барлық тиісті жерлерге 23 рет арызданды. Соншама арыз-шағымнан кейін бір қорытынды шығуы тиіс еді. Өкінішке қарай, аудан әкімдігі тарапынан кәсіпкерлерге ешқандай көмек қарастырылмаған. Бөлінген қаржының барлығы жік-жігімен жұмсалды. Енді тек еліміздің әр аймағындағы белді демеушілерден үміт күтіп отырмыз. «Нұр-Отанның» кезекті бір жиналысында Атырау жақтан бір жігіттер демеушілік жасаймыз деген екен. Алда-жалда сол кісілердің тарапынан көмек берілсе, жақсы болар еді. Бұдан басқа жолы болмай тұр. Бұл менің де жанымa батады», – деп кәсіпкерлік бөлімінің басшысы ағынан жарылды.

Көріп отырғанымыздай, жергілікті аудан әкімдігінің өкілдері бар түйткілді «Атамекен»-ге аудара салғысы келетіндей. «Атамекен» ҰКП Түркістан облысы Мақтарал аудандық филиалының басшысы Нұргүл Әбдіразақова Өзбекстан Республикасының Сардоба су қоймасының бөгеті 2020 жылдың 1 мамыры күні бұзылғаннан зардап шеккен коммерциялық объектілерді қалпына келтіру бойынша қаражат бөлу Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасының құзырына қарастырылмағанын хабарлады.

– «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры Түркістан облысы Мақтарал ауданындағы бүлінген нысандарды қалпына келтіруге 1 млрд теңге жұмсайды делінген. Қолдау көрсету туралы шешім Президенттің тапсырмасына сәйкес қабылданды. Қор бөлетін ақша қаражатын алушы болып «Түркістан» әлеуметтік даму корпоративтік қоры анықталды, ол ақшаның мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына», Түркістан облысының әкімдігі мен «Түркістан» қоры арасында келісім жасау мәселесі пысықталуда. Жоғарыда айтылғандай, Мақтарал ауданындағы су басу салдарынан зардап шеккен нысандарды қалпына келтіру немесе өтемақы алу бойынша іс-шаралары «Түркістан» әлеуметтік даму корпоративтік қоры және жергілікті атқарушы органдардың жәрдемдесуі бойынша немесе сот шешімі бойынша жүзеге асырылуға тиіс екенін жеткіземіз.

Біздің палата кәсіпкерлерге құжат рәсімдеу, анықтама беру деген сияқты қаржылай емес қолдау көрсетеді. Біздің қолдан келгені «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша оқу курстарынан өткізіп, жеңілдетілген несие беру ғана болды. Себебі пандемия кезінде қорда ақша қалмады», – дейді Нұргүл Кендебайқызы.

Хош, сонымен жергілікті әкімдік те, кәсіпкерлер палатасы да зардап шеккен кәсіп иелеріне өтемақы алу мәселесі бойынша көмек бере алмайды екен. Төтенше жағдай орын алғанда құрылған комиссияның төрағасы, Мақтарал аудандық мәслихатының хатшысы Қадыр Сәрсекбаев: «Бұл кісілердікі коммерциялық бағыт болған соң сәл қиындау боп жатыр. Өйткені көбісінің кәсібі сақтандырылмаған. Ауыл әкімі оқиға орын алған уақытта акт түзбеген. Сондықтан дәлел жоқ. Егер заң жүзінде қандай да бір көмек қарастырылса, елді шулатып, дабыра қылмай бөліп бере салмаймыз ба?! Бөлінген қаржының бәрі тұрғын үй салуға, әр отбасы мүшесіне 100 мың теңгеден өтемақы беруге жұмсалып кетті. Дәл қазір сол кезде жұмыс атқарған комиссияны тексеріп жатыр. Өйткені жұмсалған қаржының бәрі – мемлекеттің ақшасы. Ал онымен ойнауға болмайды», – деп ашығын айтты.

ТҮЙІН

Тоғыз айдан бері от болып, күйіп-жанған «өтемақы мәселесіне» қатысты қос тараптың да пікірін тыңдадық. Әрқайсысы өз уәжін алға тартады. Түсінгеніміздей, Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтен бастап барлық лауазымды тұлғалар бұл мәселені бес саусағындай жатқа біледі. Иә, зардап шеккен отбасыларға үй салып, әр отбасы мүшесіне 100 мың теңгеден берді. Бірақ қаншама жылдық еңбек пен тауарын су шайып кеткен кәсіпкерлерге келгенде, ешқандай заң-зәкүн, қала берді, әкім-қаралардың «қауқарсыз» болып тұрғаны қиын-ақ. Білдей бір ауданда өтемақысын өндіре алмай жүрген бар болғаны 30-ға жуық кәсіпкер бар екен. Соларды сандалтып, аяқтан тоздырғаны түркістандықтарға сын емес пе?!

Мәриям АЙТБАЙ,
меншікті тілші

ÓŃIR 5
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Мәселе

Елден келген Есенбай Көкшетау қаласындағы жиенінің үйіне ат басын тіреген. Шай ішіп, ес жиған соң қара домалақтарға көңіл аударған. Әуелі биыл жетіге толған Жәдігерді шақырды. Ауыл шалдарының кейінгіге күлкілі болып көрінетін әдетімен күректей алақанын жайып насыбай сұраған. Жетіге толған Жәдігер аталарының бұл әдетінен хабарсыз екен.

– Что такое? – деп ата сақалы аузына шыққан нағашысына аңтарыла қарады. Ауылдағы аяғын апыл-тапыл басып келе жатқан балалардың бәрі білетін әлгі ырымды жетіге толып жігіт болып қалған Жәдігердің білмегеніне нағашысы аң-таң. Оның үстіне орыс тілінде тіл қатып тұр.

– Ой, мыналарың мектепте қай тілде оқиды?

– Қазақ тілінде, нағашы ата.

– Енді неге орыс тілінде сөйлеп тұр?!

– Е, бұлардың бәрі осылай, жалғыз Жәдігер емес, Көкшетаудағы мұқым қазақ балаларының бәрі дерлік орыс тілінде сөйлейді.

– Қойшы, неғып?!

– Мұндағы мектептің көбі аралас мектептер ғой, нағашы ата, – деді жиені, – аралас мектепте оқыған соң осылай болады. Мектепте, мектептен кейін бірге ойнағанда бәрі орыс тілінде сөйлейді. Сөйлегені былай тұрсын, сол тілде ойлайды. Үйде де солай, тіліміз талғанша айтып, жағымыз қарысқанша ұрсып көндіре алмадық.

ҚАҒЫНАН ЖЕРІГЕН ҚҰЛАНДАЙ

НЕМЕСЕ АРАЛАС МЕКТЕП КІМГЕ КЕРЕК?

Елден келген Есенбай тұңғиық ойдың түбіне сүңгіген. Бұл қалай болғаны? Ел егемендік алғалы табаны күректей отыз жыл. Отыз жылдан бері көбесі сөгілмей келе жатқан неткен қасірет.

Сөйтсе, ағымдағы оқу жылында облыстағы білім ошақтарында 130 мың оқушы білім алып жатыр екен. Оның ішінде жергілікті ұлт балаларының саны – 82 936. Осы оқушылардың 21 700-і орыс тілінде оқиды, ал өзге ұлт өкілдері балаларының 762-і ғана қазақ тілінде оқиды.

Оған аралас мектептерде оқитын жергілікті ұлт өкілдерін қоссаңыз, орыс тілі орғып тұрған өлкеде Тәуелсіздік алғалы отыз жыл өтсе де, қазақ тілінің кірпігі әзер қимылдап тұрғанын аңғарар едіңіз. Облыстағы 555 жалпы білім беретін мектептің, 159-ы ғана таза қазақ мектебі. Аралас мектептің саны– 218. Бұл мектептерді де ойланбастан, орыс тілінде білім беретін мектептерге қоса салуға әбден болады. Аралас мектептердегі жеткіншектердің үзілісте де, сабақ үстінде де орыс тілінде сөйлейтіндігін елдің бәрі біледі.

Көкшетау қаласында небәрі үш мектеп қана таза қазақ тілінде, қалғандары орыс тілінде білім беретін немесе аралас мектептер.

«Аралас мектептерді мүмкіндігінше азайту керек. Тек қазақ тілінде білім беретін мектепке айналмай, көсегеміз көгермейді. Ауылдық жерде оған мүмкіндік болмауы ғажап емес, ал облыс орталығында мұндай мүмкіндік әбден бар. Әне бір жылдары осындай мәселе жиі көтерілетін. № 6 мектепті таза қазақ тілді білім ошағына айналдыру туралы бастама аяғына дейін жеткізілмеді. Өзге ұлт өкілдерін өкпелетіп аламыз ба деп тайсақтадық. Бұл білім ошағының дәл жанында № 5 және № 2 мектептер бар. Қаланың қақ орталығындағы білім ошақтары. Орыс тілінде білім алғысы келген, осы ауданда тұратын оқушыларға тіпті де алыс емес. Тәптәуір басталған талпыныстың соңы нәтижелі болмай қалды», – дейді білім саласының ардагері Ырысбек Танатаров.

Қалалық білім бөлімінің меңгерушісі Дина Башарованың айтуына қарағанда, облыс орталығындағы №19 мектеп келер жылдан бастап таза қазақ тілінде білім беретін мектепке ауыспақ. Қазір құжаттары дайындалып жатқан көрінеді. Бірақ ата-аналардың пайымдауынша, қордаланып қалған мәселені түбегейлі шешуге әлі ерте.

Аралас мектептің алысқа апармайтындығын ата-аналар да айқын аңғаруда. Қазақ сыныптарында оқитын оқушылар отбасында да, білім ошағында да орыс тілінде сөйлейді. Демек қазақ сыныптарындағы оқушылардың өз тілдерін еркін меңгеру жайына күдікпен қарауға әбден болады.

Көкшетау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шияп Әлиевтің айтуынша, кешегі кеңес заманында орыс тілінде білім алмаған адамның болашағы жоқ деген ұғым болды. Мектепте мұғалім болдық, мектеп директоры болып қызмет еттік, аудандық білім бөлімін басқардық, сол кезде дәл осындай пікірдің кең етек жайғанын жақсы білеміз. Бірақ қазақ тілінде білім алған бала далада қалады деу– түбірімен қате. Арғы-бергі ел тарихын екшесеңіз, алысқа бармай-ақ, осы Көкшетау төңірегінде аты шыққан жақсы мен жайсаңның қазақ тілінде оқып білім алғандығын жақсы білеміз. Биылғы жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру» деп атап көрсетілді. Ұлт сапасы жас толқын ұлт тілінде, өз тілінің мәйегінен нәр алғанда ғана артатындығы мәлім. Әрине, біз орыс тілінде білім алып жатқан қазақ балаларын кінәлаудан аулақпыз. Бірақ солай бола тұра, уыздарынан жарығандары дұрыс болатын еді. Бәлкім, рухани жаңғырудың біз елеп-ескермей жатқан бір қайнар бұлағы осы жерде шығар. Ұлттық құндылықтарды өз тілінде меңгермеген адамнан ұлт қамын жейтін азамат қалыптастыру өте қиын. Жаман тұмау жолымызды жаппай тұрғанда қалалық ардагерлер кеңесі еңбек ардагерлерін, айтар пікірі бар аға буын өкілдерін жас ұрпақпен жиі жүздестіріп тұрушы едік. Сол кезде туған топырағына жан-тәнімен адал қызмет еткен адамдардың басым көпшілігі, бәлкім, түгел дерлігі өз тілінде тәлім-тәрбие алған азаматтар екендігін көзімізбен көріп жүрміз. Ана тілі ананың сүті тәрізді, сәбиінен сүйегіне дарыса ғана жұғымды болмақ.

Енді осы қаны шығып тұрған мәселенің түптамырына үңіліп қарайықшы. Тақырыпты қаузап ізденгенімізде, кеңес заманында орыс тілін озық көрген буынның әлі күнге дейін үзілмей келе жатқандығында жатыр. Нақтырақ айтсақ, алдымен, ата-аналарының өздері өз тілдерін еркін білмейді. Мәселенің мәнісі осы!

«Немеремді қазақ тілінде білім беретін мектепке берейін-ақ деп едім, бірақ бала мен келін менің ұсынысымды қоштай қоймады, өзіміз кінәліміз. Кешегі кеңес заманында қызметсіз қалмасын, болашағына әсер етпесін деп балаларымызды орыс тілінде оқытып едік. Бұлай боларын кім білген. Енді бала да, келін де қазақша білмеген соң, немеремді қазақ тілінде білім беретін мектепке берсек, сабақ оқыған кезде көмектесе алмаймыз деп азар да безер болады. Амал жоқ, орыс тілінде білім беретін мектепке беруге мәжбүр болдық», – дейді қала тұрғыны Алпыс Уәлиев.

Міне, осылай сабақтаса берсе, жергілікті ұлт өкілдерінің өз тілін меңгеру мәселесі таяу арада шешіле қоймайды екен. Өйткені облыстағы 601 мектепке дейінгі мекемелерде де дәл осындай көрініс бар. Олар ертең тағы да «қағынан жеріген құландай» өз тілдерінен өздері жеріп, өзге тілді өмірлеріне серік етпек.

Өз тілін өзі менсінбеудің тағы бір сорабы, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу жайына байланысты.

«Шынын айту керек, қазақ тіліндегі құжаттар дайындалғанымен, басшылар оны оқымайды да, қолдарын да қоймайды. Әйтеуір, талапты орындау үшін, заңды бұзбау үшін осылай істейді. Құжаттың бәрі орыс тілінде дайындалады да, ішінара қазақ тіліне аударылады. Іс қағаздарын ең алдымен қазақ тілінде дайындасақ қана үстем болмаған күннің өзінде терезесі теңесіп қалар еді. Оның үстіне мемлекеттік қызметшілердің барлығы дерлік орыс тілінде сөйлеседі. Демек әлі де жергілікті ұлт тілі кәдеге аспай жатыр. Оны сол мемлекеттік қызметте істейтін жастар көріп отыр ғой. Сосын қазақ тілінің болашағына күмәнмен қарайды, керексіз деп ойлайды», – дейді мемлекеттік қызметші Берік Қазбеков.

Тіл тұғырын биіктету үшін әлі де талай жұмысты атқаруға тиістіміз. Соның ішінде ең алдымен аралас мектептерді азайтып, таза жергілікті ұлт тілінде білім беретін білім ошақтарының санын көбейту. Сәбидің санасына сіңбеген тіл сәуле шашпайды.

Сәбидің тілі қай тілде шықса, солай қалыптасады. Тіршілік қағидасы. Ақмола облысында 614 балабақша бар. Жергілікті ұлт өкілдері перзенттерінің 63,3 проценті ғана қазақ топтарына барады. Білім ошақтарының жалпы саны – 560. Оның ішінде аралас мектептер саны 217 болса, орыс тілінде тәлім-тәрбие беретін білім ошақтары -184. Ал таза қазақ тіліндегі мектептер небары 159 ғана.

Бастауыш сынып мұғалімі Роза Қайыржанова «Бұл өзі бір кезде амалсыздықтан туған қадам болатын. Облыс орталығында кешегі кеңес заманында жалғыз-ақ жергілікті ұлт тілінде балабақша болды. Қазақ тілінде білім беретін екі-ақ мектеп-интернат. Екеуінде де ауыл балалары оқитын. Ал қалада тұратын қазақтардың балалары жүз пайыз орыс тілінде білім алды. Кейін қазақ тіліндегі мектептердің санын көбейтуге талпыныс жасалды. № 6 орта мектепті таза қазақша білім ошағына айналдырамыз деген кезде өкпе-реніш айтылып, бастама басылып қалды. Кейін бұл тараптан ұмтылыс бола қойған жоқ. Амалсыздан орыс мектептерінің жанынан бастауыш сыныптар ашылды. Жоқтан тәуір. Бірақ мұндай мектептерде білім алатын қазақ балаларының қай тілге жақын екендігін елдің бәрі біледі. Егер балалар өз тілінде таза сөйлесін десеңіз, онда аралас мектептен арылатын жағдай жасау керек», – дейді.

Ұстаз айтса айтқандай, мұндай мектептерде оқитын қазақ балаларының тілі орысшаға жақын, үйір. Үзілісте, ойын кезінде кілең орыс тілінде сөйлейді. Демек пайызға шаққанда, аралас білім ошақтарында тәлім-тәрбие алып жатқан жергілікті ұлттың өрендерін орыс тілді деп есептесеңіз де артық емес.

Бір есептен балаларының орыс тілінде білім алуына ата-аналардың, әсіресе жас отбасылардың өздері ынталы. Мәселен, Көкшетау қаласындағы №13 аралас тілде білім беретін мектеп-гимназияда үстіміздегі оқу жылында білім ошағының табалдырығын аттаған жеті орыс сыныбы, жалғыз қазақ сыныбы бар. Бастауыш орыс тілінде тәлім-тәрбие беретін сыныптарда оқитын оқушылардың дені – қазақ балалары.

«Оқу жылының алдында оқушыларды сыныптарға бөлген кезімізде ата-аналар көбіне орыс тілді сыныптарды қалайды. Себебін сұрап көрсек, үйде сабақтарына көмектесе алмаймыз дейді. Өйткені жас ата-аналардың өздері өз ана тілдерін білмейді ғой. Тіл проблемасы осылайша кәдімгі Мақта қыздың ертегісі сияқты бір-бірімен сабақтасып жатыр», – дейді Роза Нығметқызы.

Шын ниетті адамдардың сұранысы қанағаттандырылмайтын да жай бар. Ол өздері тұратын мекенжайда жергілікті ұлт тілінде тәлім-тәрбие беретін мектептің болмауы.

«Облыс орталығындағы №1 орта мектептің қазақ тілінде тәлім-тәрбие беретін сыныбына тұңғыш немеремізді беріп едік. Қазір азын-аулақ қазақшасын ұмытып, орыс тілінде сөйлейтін болып алды. №3 қазақ орта мектебіне беруге мүмкіндік болмай тұр. Қаладағы қазақ мектептерінің санын әлдеқашан көбейту керек еді. Жергілікті ұлт тіліндегі айналдырған үш мектеп оқушының көптігінен лық толып тұр. Қазіргі күні тілге сұраныстың өсіп келе жатқандығын көріп отырмыз. Тәуелсіздік алғалы да талай жыл өтті. Жаңа салынып жатқан білім ошақтарын егер ол ауданда орыс тілді немесе аралас білім беретін мектептер болса, таза қазақ тілінде тәлім-тәрбие беретін мектепке айналдыруға әбден болар еді ғой», – дейді қала тұрғыны Абзал Қасымбаев.

Облыстағы кәсіптік-техникалық білім беретін колледждердің саны 33 болса, оның ішінде 26-сы білім алушыларға екі тілде білім береді. Таза орыс тілінде 5 колледж жұмыс істейді. Қағажу қалған қазақ тілінде небәрі екі колледж жұмыс істеп тұр. Сонда қуаты мол, сөздің қоры телегей-теңіз қазақ тілі жастардың белгілі бір кәсіпті игеруіне қауқары жетпейтін болғаны ма?! Шынымен, тіліміздің тұғырын биіктету үшін бар күш-жігерімізді жұмсайтын болсақ, ең құрығанда, ел ертеңі – жастардың өз ана тілдерінде оқып, кәсіп игеруіне жағдай жасар едік қой.

Білім ошақтарындағы қалыптасып отырған жағдай осылай болғанда, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуде мүлде сорақы жағдай қалыптасып отырған мекемелер де аз емес. Мәселен, аумақтық департаменттер мен ведомстволардың мемлекеттік тілде іс жүргізу бағытына жасалған сараптамаға көз жүгіртіп көрелік. Мемлекеттік тілде іс жүргізу деңгейі облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы 62,7, облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті 55,78, су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы 38,89 пайыз ғана. Жасыратыны жоқ, қазақ тіліндегі іс қағаздары, әйтеуір пайыз қуалау немесе жүргізілмеді деп айтпасын деген күлдібадам кейіпте. Кейбір басшылар қазақ тіліндегі бұйрықтар мен анықтама нұсқауларға қолдарын да қоймайды. Негізгісі – орыс тілінде. Алдымен, мәтін орыс тілінде жазылады да, заң талабын орындау үшін қазақ тіліне аударылады. Осындай көзқарас бар жерде қазақ тілінің көсегесі таяуда арада көгереді деп айту қиын.

Қазақ тілінің бұл өңірде алпыс екі тамырына қан жүгірмей жатқаны ең алдымен жоғарыда біз айтып өткен мектепке дейінгі мекемелер мен білім ошақтарының орыс тілді болып, сіресіп тұрғандығында. Сең қашан бұзылар екен?!.

Енді аралас мектептердің өмірге келу жайы туралы сөз сабақтап, бастан жақты айырғандай етіп түсіндірейік. 1990 жылдардағы жағдайды аға буын өкілдері жақсы біледі. Бұл кезде қазақ тілі білім ошақтарының төріне, төріңіз не, босағасына ене алмай жаутаңдап тұрған шақ еді ғой. Жазықсыз адамдардың тау болып үйілген сүйегінің, өзен болып аққан көз жасының үстіне тұрғызылған қызыл империяның өктемшіл, озбыр саясаты шағын ұлттар мен ұлыстардың рухын жасытып, тілі мен ділін жоюға сынық сүйем ғана қалған еді. Аралас мектеп туралы әңгіме қаузағанда, алдымен, облыс орталығындағы мектептерге сыналап, қазақ тілін енгізу қажет болды. Бесігінде тұншығып жатқан қазақ тілінің, қазақ тілінде білім беретін сыныптың басын дауға қалдырмау үшін. Өз тілімізде оқимыз деп айтудың өзіне ерлік керек болған заман-ай, десеңізші. Оның өзінде де қазақ сыныптарына қолайсыздау орын бөлінетін жағдайлар да кездесті. Тіпті оларға дәретхананың жанынан бөлме берілгендігі туралы ақпараттар жетіп жатты. Біртіндеп соның барлығы жөнге қойылды. Аралас мектеп шын мәнінде, өзінің тарихи миссиясын аяқтап шықты. Әуел баста амалсыздан жасалған қадам еді. Оның зияндылығын, тәлім-тәрбие процесінің дәл ұлттық мектептегідей жүргізілмейтіндігін, әрине, ел кейін білді. Бірақ бұдан басқа амал болмаған. Таза ұлттық мектеп ашуға уақыт керек еді. Әрі мұндай мәселе қою ол кезде мүмкін емес шаруа болатын.

«Кеңес заманында мектепке дейінгі мекемелердің де жағдайы сын көтермейтін. Облыс орталығында жергілікті ұлт тілінде тәлім-тәрбие беретін бірде-бір балабақша болған жоқ. Жаста берген тәрбие жас қайыңды игенмен бірдей екендігін санамызбен салмақтап, жүрегімізбен түйсінгенімізбен қолдан келер дәрмен аз. «Әсел» балабақшасын ашу кезінде ұлтжанды азаматтардың ересен қажыр-қайраты қажет болды. Менің ойымша, аралас балабақшаларында ұлттық тәлім-тәрбие беру, ана тілін оқытып, үйрету қисынсыз шаруа. Екі топ араласпай тұра ма. Сондай сәттерде негізінен, балалар орыс тілінде сөйлеуге бейім. Демек аты ұлттық болғанымен, мазмұны өзгеше қойыртпақ топ болып шығады», – дейді білім саласының ардагері Телман Мұқышев.

Енді аралас мектептерден біртіндеп құтылған жөн. Көкшетауда бір-бірімен жап-жақын тұрған бірнеше мектептер бар. Мәселен, Жұмағали Саин көшесінің бойындағы №11,13 орта мектептердің арасы жүз-ақ қадам жер. Бір-біріне тиіп тұр десе де болғандай. Осы мектептердің біреуін таза қазақ мектебіне ауыстыруға болмай ма? Бұл жерде өзге ұлт өкілдерінің мүддесіне ешқандай кесірі тимес еді. Есесіне, тағы бір ұлттық мектепке ие болып, жас ұрпақ қазақылана түсер еді. М.Сағдиев көшесіндегі №5 және №6 орта мектептер де аралас. Осы мектептердің біреуін жергілікті ұлт тілінде білім беретін мектепке айналдырудың қаншалықты қиындығы бар. Әне бір кезде №11 орта мектепті жергілікті ұлт тілінде білім беретін мектепке айналдырамыз деген кезде қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдер жоқ деген қисынсыз сылтау айтылған. Бұл сыныққа сылтау іздеу. Әйтпесе, облыс орталығындағы бірнеше жоғары оқу орындары жыл сайын жүздеген мұғалімді дайындап жатыр емес пе? Олардың ішінде жұмыс таба алмай жүргендері қаншама!

Солтүстік өңірде өз тіліміз өре бойы озуы үшін аралас мектептерден біртіндеп арылған дұрыс болар ма еді.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

ФОТОРЕПОРТАЖ

Ірі қара **неден қырылды?**

Алматы облысы Кеген ауданы Бөлексаз ауылының тұрғындары мал бордақылайтын «Meat Processing and Service» кәсіпорнын көшіруді талап етіп отыр. Тұрғындар жеке шаруашылықтан шыққан мал ауруы бүкіл ауылға тарағанын айтуда. Қожалық мал өлексесін ауыл іргесіне көміп, 120 бас сиырды Алматыға жөнелткен көрінеді. Алматы облыстық ветеринария басқармасының маманы Жамбыл Мамырқұловтың айтуынша, шаруашылықтағы ірі қараның қырылуына қарасан және пастереллез ауруларының қоздырғышы себеп болған. Кеген ауданының әкімдігі Алматыға жасырын түрде жеткізілген бірнеше бас ірі қараның қай мал немесе ет базарында сатылғанын анықтай алмай жатыр.

6 KÓKEIKESTI
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Өзекті

Алдағы 1 ақпаннан бастап елімізде Ресейде шығарылған «Спутник V» вакцинасын пайдалана отырып, коронавирусқа қарсы вакцинация басталады. Одан әрі 15 ақпаннан бастап екпе егу процесіне Қарағанды фармацевтикалық кешенінің базасында өндірілген Гам-КОВИД-Вак вакцинасы қосылатын болады. 2021 жылдың 2 тоқсанынан бастап вакцинациялау процесіне отандық өнім – QazCovid-In препаратын қосу жоспарланып отыр, бұл вакцина қазіргі уақытта клиникалық сынақтардың 3-кезеңінен өтуде. Жалпы вакцинаның міндеті мен маңызы қандай? Осы және өзге сауалдарға медицина саласының мамандары жауап берді.

ВАКЦИНАНЫҢ МАҚСАТЫ – ІНДЕТТІҢ ТАРАЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ

Манар СМАҒҰЛ, *денсаулық сақтау министрлігі қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы филиалы директорының орынбасары:*

Вакцина дегеніміз – медицина саласындағы ең озық жетістіктердің бірі. Оған өзіміз де куә болып отырмыз. Мысалы, шешек ауруын алсақ, ол вакцина арқылы ғана жойылды. Бұл шешектің жойылғанына 40 жылдай уақыт болды. Ал полиомиелит бойынша екі ел ғана эндемикалық аймаққа *(аурудың тұрақты және жаппай таралу аймағы)* жатады. Ол – Ауғанстан мен Пәкістан. Қалған мемлекеттер вакцинаның арқасында бұл ауруды жеңді. Қазір біз алдымызға қызылша, қызамық, гепатит жұқпаларын жоямыз деген мақсат қойып отырмыз. Елімізде қызамықпен 1998 жылы 15 мыңнан астам адам ауырса, 2020 жылы 1-2 жағдай ғана тіркелді. Бұл вакцинаның әсерінен деуге болады. Гепатит В туралы айтсақ, оны емдеу тәсілін жасап шығаруға 20 жылдай уақыт кетті. 1998 жылы 3500-5000 жағдай тіркелсе, соңғы кезде 10-15 шақты. Балалар арасында екі-үшеуі ғана ауырады. Бұған біз вакцина арқылы қол жеткіздік деп айта аламыз.

Коронавирусқа келсек, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, бүгінгі күні 42 мемлекет өз вакцинасын енгізіп отыр. Олардың ішінде АҚШ, Израиль, Германия, Дания, Италия, Ұлыбритания бар. Ал Ресей мен Эстонияда бұл вакцина енгізілуде. Дүниежүзілік статистиканың 20 қаңтар күнгі мәліметіне сәйкес, әлем бойынша 46 млн вакцина қолданылған. Ең көп қолданғандар – АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Израиль, БАӘ. Ресейдің өзінде 1 млн астам адамға вакцина салынды. Тұрғындарының 26 пайызын вакцинамен қамтыған мемлекеттің бірі – Израиль. Вакцинаны енгізудің басты мақсаты – ол індеттің таралуын, өлім-жітім көрсеткішін азайту. Соңғы кезде «вакцина кері әсер берді» деген ақпарат тарады. Біз қазір сол мәліметтерді де жіті қадағалап отырмыз. Қолжетімді мәлімет бойынша, 85 жастағы қарттар мен созылмалы ауруы бар адамдарға вакцинаның кері әсері болған. Негізі вакцинаны қолданар алдында бізде қауіпті топ айқындалады. Оған 60 жастан асқандар, созылмалы ауруы барлар кіреді. Вакцина қолданар кезде осы топтарға алдын ала ескертілуі керек. Вакцина салмас бұрын дәрігер адамды жіті тексереді. Оның анамнезі, басқа адамдармен қарым-қатынаста болғаны туралы, жұқпалы ауруының бар-жоғы тексеріледі.

Нұршай ӘЗІМБАЕВА, *денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің бөлім басшысы:*

Қазіргі кезде коронавирус инфекциясына қарсы вакцина егуге арналған дайындық жүргізіліп жатыр. Ұйымдастыру және жүргізу жоспары әзірленді. Медицина қызметкерлеріне арналған коронавирустық инфекцияға қарсы профилактикалық егулерді жүргізу жөнінде әдістемелік ұсыныстар дайындалды. Сондай-ақ вакцинаны тасымалдау және сақтау тәртібі әзірленді. Бекітілген құжаттардың барлығы медицина қызметкерлеріне жолданды.

Вакцинаның тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін салқындату тізбегі қажет екені белгілі. Осы салқындату тізбегін сақтау және қамтамасыз ету үшін жергілікті денсаулық сақтау басқармасы бірталай жұмыстарды қолға алды. Олар қажетті мұздатқыштар және термоконтейнерлер сатып алды. Медицина ұйымдарын егу бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұдан басқа соңғы 3 күнде вакцина егуге тартылған бүкіл медициналық қызметкерлермен онлайн түрде вебинар өткізіліп жатыр. Ол вакцинация егу тактикасына, оның тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін талқылауға арналды. Онлайн түрде өтетін мұндай вебинарлар өңірлерде жалғасын табады. Бұдан басқа халыққа ақпараттық түсіндірмелік жұмыстар жүргізілуде. БАҚ және әлеуметтік желідегі түсіндірме жұмыстары да тиімділігін байқатты.

Біз пандемияға дейінгі қалыпты өмірімізге тезірек оралғымыз келеді. Шектеу азайса дейміз. Ол үшін адамда иммунитет қалыптасуы керек. Сондықтан ақпан айынан бастап ел тұрғындарына Ресейдің «Спутник» вакцинасы егіле бастайды. Біз Ресейдің медицина мамандарымен тығыз байланыста болдық. Пікір алмастық. Олар бұл вакцинаға қатысты аса қауіпті асқынудың тіркелмегенін айтты. Дене қызуы көтерілу, қызару сияқты аздаған реакция болуы мүмкін. Мұның барлығы вакцинадан кейін болатын қалыпты құбылыс. Үрейленудің қажеті жоқ. Тұрғындарға айтарым, тек ресми ақпараттарға ғана сену керек.

Өмірдің өзінен

Былтыр көктемде елімізде карантин жарияланып, аты жаман індет бүкіл жұртты әбігерге салды. Біраз жұмыс орындары тоқтады. Сол кезде көп отбасы, әсіресе, тұрмысы төмен, көпбалалы жанұялардың жағдайы мүшкілденді. Еріктілер жұмысы жанданып, тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік себеті берілді. Әпкем сол кезде Алматыдағы еріктілер тобының нөміріне арнайы хабарласқан еді. Төрт баласы бар құрбысының көмекке зәру екенін айтып, оның мекенжайын айтқан. 3-4 күннен кейін әпкеме құрбысы хабарласып, алғысын жаудырды. Еріктілер оған әжептәуір көмектесіпті.

ҮМІТІН ҮЗБЕГЕНДЕР

Жақында ол тағы бір қуанышты хабарымен бөлісті. Гауһар енді жалдамалы пәтерде емес, уақытша тегін баспанаға көшіпті. Ол да еріктілердің арқасында екен. Алматының Алатау ауданында орналасқан «Мәдениет» ықшамауданында «Береке Сити» деп аталатын қалашықта тұрмысы төмен, қиын жағдайға тап болған отбасыларға уақытша баспана ұсынатын жоба бар екен. Ол жоба Гауһар сынды тағдырдың сан түрлі қиындығына тап болған жандарға қолдау көрсетуді көздейді. «Береке Сити» қалашығында кімдер тұрып жатыр? Тұрмысы төмен отбасыларға қандай көмек көрсетіледі? Жоба қашан басталды? Мақсаты не? Осы сияқты сауалдарға жауап алу мақсатында «Береке Сити» қалашығын өз көзімізбен көріп, ондағы тыныс-тіршілікпен таныстық. Қалашық тұрғындарымен тілдестік. Мұнда әрбір отбасына уақытша баспана берілуімен қоса, психологиялық әрі моральдық көмек көрсетіледі. Мұнда тағдырдың сан түрлі сынағына ұшыраған отбасылар тұрады. Біз кездесуді ең алдымен қалашық тұрғындарымен тілдесуден бастадық.

ЖАҚЫНДА ӨЗ ҮЙІМІЗГЕ КӨШЕМІЗ

Көпбалалы ана Мәдина Әбдиева бұл жерге келмес бұрын Алматының «Алғабас» ықшамауданында алты баласымен пәтер жалдап тұрыпты. «Карантин кезінде жолдасым қайтыс болды, алты баламмен жалғыз қалдым. Мен үшін өмірімнің ең қиын кездері басталды. Қатты күйзеліске түсіп кеттім. Одан кейін Шамалғанда інімнің үйінде біраз тұрдым. Кішкентай үйде мен алты баламмен, інімнің төрт баласы бар, бірге тұрып жаттық», – деп бастады әңгімесін кейіпкеріміз. Амалы таусылған ана Алатау ауданындағы «Бақытты отбасы» ұйымынан көмек сұрайды. Ондағылар көпбалалы анаға осы жобасы жайлы айтып, анкета өткізуге үгіттейді.

«Мұндай жобаның бар екенін естігенде ертеңге деген сенім пайда болды. Алты баламмен қайда барарымды білмей, дел-сал күйде жүргенде жоба туралы естіп қатты қуандым. Құжаттарымды өткізіп, алты баламмен көшіп келуге рұқсат алдым. Қазір бізге барлық жағдай жасалып отыр. Мұнда тұрып жатқанымызға енді 3 ай болды. Әйтеуір, «өз үйім, өлең төсегім» ғой. Соған қуандым. Қайырымдылық қорының бағдарламасы арқасында. Қарасай ауданынан үй алып, жақында қоныс тойын тойлаймыз.

«Ең басты мақсатым – балаларыма сапалы білім беру, оларды баспанамен қамту. Одан бөлек, үлкен ұлыма көлік әперсем деймін. Өйткені алты баламен жүремін деп жол азабын әбден тарттым. Алты баламмен такси де алмайды. Қазір балаларым үшін өмір сүремін. Олардың білімді болып өсуіне бар күш-жігерімді аямаймын», – дейді қайсар ана.

БОЛАШАҚҚА ДЕГЕН СЕНІМ ПАЙДА БОЛДЫ

Көпбалалы ана Айнұр Шеткелбаева Алматыға Ұзынағаш ауылынан келіпті. Тұрмыс құрып, екі балалы болғанға дейін алып шаһарда пәтер жалдап күнелтеді. Кейін жолдасымен дәм-тұзы жараспай екеуі екі жаққа кетеді. Екі баласын ата-анасына беріп, оларды асырау үшін Айнұр Алматыда қалады.

«Он жылдай пәтерден-пәтерге көшіп жүріп өмір сүрдім. Он жылдан кейін қазіргі азаматтық некедегі күйеуіммен танысып отау құрдық. Ол да ажырасқан, екі баласы бар. Екеуміздің ортақ үш баламыз бар. Қазіргі жолдасым бірінші әйелімен заңды түрде ажыраспағандықтан, некеге тұра алмай отырмыз. Қайырымдылық қоры туралы көршімнен естіп, кейін әлеуметтік желіден көріп, анкета толтырдым. Он күннен кейін әлеуметтік қызметкер хабарласып, «Бізге көшіп келесіз бе?» дегенде қатты қуандым. Қазір балаларға қарап үйде отырмын. Жолдасым құрылыс саласында жұмыс істейді. Біз бұған дейін бір бөлмелі пәтерді жалдап тұрдық. Өзіміздің бес баламыз бар, жолдасымның алғашқы некесінен балалары бар. Олар әкесіне анда-санда келіп тұратын. Сонша жанның аядай бір бөлмеге қамалуы қиын еді. Қазір балаларымыздың барлығын осында әкелдік. Біз қазір уақытша баспанада тұрып жатырмыз. Мұнда біздің жағдайымызды жақсартып алуға барлық мүмкіндік, жан-жақты қолдау көрсетілуде. Осыған дейін «Тұрғынүйқұрылысжинақ банкінде» шот ашқан едім. Қазір жинақты шешіп, басқа бір ипотекалық ұйымға құйдым. Бұйырса, 1-2 жыл көлемінде өз пәтерімізге қол жеткіземіз. Ең бастысы, алға қойған мақсатымызға қорықпай қадам басуымыз керек», – дейді Айнұр.

КӨП БАЛАМЕН ПӘТЕР ЖАЛДАУ ҚИЫН

Гүлназ Ақбаева жобаны әлеуметтік желіден біраз бақылап жүріпті. «Үш баламен «Шаңырақта» пәтер жалдап тұрдық. Ай сайын 30 мың теңге төлейміз. Суық суы ғана ішінде демесеңіз, басқа жағдайлар жасалмаған. Пәтер иелері көпбалалы отбасыларды жолата бермейді. Жолдасым 1-топтағы мүгедек. Көшіп-қонып жүргенде байқағанымыз, пәтер иелері 3-4 балаң бар болса, келіспей, әрең береді. Онда да балаларды 4 қабырғаға қамалып, шуламауын қадағалап отыруымыз керек», – дейді ол.

Гүлназдың мамандығы – заңгер. Осы салада бірнеше жыл жұмыс істеп, кейін іс жүргізу қиындаған соң тастауға мәжбүр болған. Қазір ол бала күтімімен үйде отыр.

Бірақ бос отырмай, макияж жасау мен тырнақ әрлеуді үйреніп алыпты. Қазір қалашық тұрғындарына қызметін ұсынып, біраз тұтынушы жинап үлгеріпті. Алдағы уақытта сән салонын ашқысы келеді. «Әлеуметтік желіден жобаға ұсыныс тастап, анкета толтырдым. Біздің жағдайымызды тексеруге келген әлеуметтік қызметкер көмек қолын ұсынатындарын айтты. Қазір осында тұрып жатырмыз. Уақытша баспана болғандықтан, еркінсуге уақыт жоқ. Қалайда өз пәтерімізге ақша жинауымыз керек», – дейді.

ЕНЕМЕ ПӘТЕРАҚЫ ТӨЛЕП ТҰРДЫМ

«Жолдасым мен енемнен зәбір көрдім, қазір оларды кешіре алмаймын», – деп бастады әңгімесін келесі кейіпкеріміз. Мәриям Әбдиева ерінің ұрып-соққанына шыдамай, екі баласын алып, зорлық-зомбылық құрбандарына арналған бейімдеу орталығына қарай қашады.

«Біз енеміздің үйінде тұрып жаттық. Оған пәтерақысын төлеп тұратынбыз. Карантин кезінде жұмысым болмай, пәтерақысын төлей алмай қалдым. Жанжалдың барлығы содан басталды. Жолдасым мен енем жұмыссыз қалғанымда күн көрсетпейтін болды. Содан кейін екі баламды алып қашуды ұйғардым. Өйткені сені адам ретінде санамайтын үйде тұрудың қажеті қанша? Алматыдағы бейімдеу орталықтарының біразына хабарластым. Көбісі денемде соққы жарақаты болса ғана қабылдайтындарын айтты. «Араша» орталығы ғана менің жағдайымды түсініп, өздеріне шақырды. Осы орталықта екі айдай тұрдым. Олар маған қайырымдылық жобасы туралы айтып, құжат өткізіп, анкета толтыруымды өтінді. Осылайша қалашыққа екі баламмен көшіп келдім. Қазір жолдасымменажырасуға арыз тапсырдым. Барлығы заң аясында шешіледі», – деді.

Мәриямның мамандығы – бастауыш сынып мұғалімі. Алдағы күндері мамандығы бойынша жұмысқа орналасуды ойлап отыр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бағдаш СҮЛЕЙМЕНОВ, *«Береке Сити» жобасының авторы:*

«Біз тұрмысы төмен отбасылар туралы мағлұматты көбінесе БАҚ беттерінен көріп, сол отбасына көмекті өзіміз ұсынамыз. Осы кезге дейін бір байқағаным, жағдайының жоқтығын айтып, сұрана беретін отбасылар бар. Олар жағдайын өзгертуге әрекет те жасамайды. Бірақ көмек алғысы келеді. Біздің тәжірибеде ондай адамдар да кездесті. Бүгінде қалашықта 58 отбасы тұрады. Олардың арасында бізде жұмыс істейтін қызметкерлер де бар. Жоба басталғалы бері 50-ден астам отбасына көмек берілді. Оның ішінде 15 отбасы өз баспанасына қол жеткізді. Қайырымдылық қазақ халқының қанында бар нәрсе. Асарлату дәстүрі – біздің ата-бабамыздан қалған дәстүр. Бұл – жекеменшік жоба. Көмек қолын ұсынатын меценаттар мен демеушілеріміз бар. Бірақ олар тұрақты түрде қаржыландырып отыр деп айта алмаймын. Жобаны Үкіметке де ұсынып көргенбіз. Әзірге тұшымды жауап келмеді. Мемлекет тарапынан қолдау қажет. Өйткені жобаны басқа да қалаларда дамытуға болады».

Бетті дайындаған Мақпал НОҒАЙБАЕВА

QYRǴYZ ÁDEBIETI 7
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

Түбі бір түркі сөзі

СУНДЕТТЕУШІ

«Шаштараз» деген жазуы көмескіленіп қалған, тақтайларының жартысы шіріп, өзі бір жағына жапырайған, іші ескі-құсқы қайшы, ұстара, оларды қайрайтын қайыстарға және басқа да ыбырсыған майда-шүйдеге толған, арзан-құрзан әтір-опасы бар осы тозығы жеткен дүңгіршектен шығып бара жатып, оның бұрынғы иесі – осы дүңгіршегі сияқты жасы бірталайға барып қалған сақалды бейшара, артына бір жалт қарады да, жиектері қарайған айнаның артына қол жүгіртіп, ол жерден жақында ғана ашылып, орталанып қалған арағын суырып алды. Суырып алды да, советтен қалған қырлы стаканға ернеуіне дейін лықылдата құйып, білінер-білінбес қалтыраған қолдарымен аузына жақындатты да, дем алмастан тартып жіберді. Тартып жіберді де, арағынан босаған стаканға краннан су ағызып құйып, сіміріп алды. Сімірді де, іші өртеніп, ішектері құрылдап, көзіне құйылған ыстық жасты іркіп, біраз тұрды, содан дүңгіршегінің жарығын да өшіруді ұмытып, таза ауаға

ұмтылды. Есік алдына шыққан бойда, екі адым аттамай жатып, арықтың шетіне мұрттай ұшты...

* * *

Азаншы шаштараздың жанынан өтіп бара жатып, оның жарығы жанып тұрғанына таңғалды. Таң сәріден, әтеш шақырғаннан мешітке барып азан айту – бұл кісінің әдеті. Мысырда жоғары діни білім алып келген азаншы осы ретте де, он бес жылдан бергі ісін атқаруға асығып келе жатып, арық бойында жатқан адамды көзі шалған кезде, әуелі абдырап, үрейленіп, қорқып кетсе де, Алласын аузына алып, тілін кәлимаға келтіруге үлгерді. Мас екен деді содан, жанынан өте берді, арық бойында жатқан адамнан азаншы жиіркеніп, оның бір пәлесі ақ шапанына жұғып, содан сәлдесіне өтіп кетердей артына қарамай безе берді...

Бір кездері арықта жатқан адаммен азаншы да кездескен-ді.

О кезде арықтағы бейшара атағы жер жарған ұста еді. Сүндетке отырғызатын. Көктем келіп, балдардың еті жібігенде, осы «Шаштараздың» жап-жаңа, дүрілдеп тұрған кезі, ауданның барлық ауылдарынан «баламды сүндетке отырғызатын едім», «жиенімді адалдап беріңіз», «ұлымды мұсылман етіп қойыңыз», «ырымдайын деп едім» деген шақырумен таныс та, бейтаныс та адамдардың қарасы үзілмей келіп-кетіп тұратын. Ол кезде бас тарту жоқ, сүндеттеуші бәкісін жан қалтасына салып, бір жапырақ мақтасын, киізін, спиртін даярлап, қамысын қамдап жолға шыға қалады. «Келіңіз, ұста, келіңіз» деп барған жері ізет көрсетіп күтіп алып, тонын кигізіп, сәлем-сауқатын түйіп беріп, қолынан келгендер бес-он сомын да аямай, ұстаны қошеметпен аттандыратын. Әйтпегенде, ол кезде хирургтар жоқ, ауданда балаларды мұсылман қылатын жалғыз адам осы. «Қолы жеңіл, бәріміз осы кісінің қолынан шыққанбыз» дейтін еді ауданның еркек атаулысы. Қайда барса да, «келіңіз-келіңіз», қайда барса да «төрге шығыңыз».

Міне, сол кісі – осы, арық бойында шаңға аунап, денесі мұздап барады.

Әлгі азаншының әке-шешесі балаға зар болып бес жылдай құдайдан тілеп жүріп, перзентсіздік дертінен жүрек оты сөнер шақта келіннің құлағына әлдекімдер сыбырлап, сүндеттелген баланың шүметейінің кесілген етін жесең, ол жағы Алладан ғой, әрине, алайда осылай балалы болғандар бар екен демесі бар ма. Мұны естіген еркегі ұстаның ізінен бір жұма қалмай жүріп, сүндетке отырған баланың жұмсақ етінен біршама адамнан соң кезегі жеткенде, ептеп ұстаға «әке-көке» деп жүріп алып келген. Соны жегеннен бе, не құдайдың құдіреті ме, әйтеуір, соңғы жылы келіннің бойына бала бітіп, кейін осы бала, қазір ғана осы жерден өткен азаншы, дүниеге келіпті. Жастайынан молдалыққа оқып, дін маманы атанып, уағызды тамылжытып айтқаны жамағатқа жағып, азан айтуға өтіп кеткен...

* * *

Мешіт жақтан азан естілгенде, намазға кешіккен тағы бес-алты адам арық шетінде құлап жатқан бейшараның жанынан өте бергенде жалт-жалт қарап, бірақ әрқайсысы көрмегенсіп, жолын жалғай берді. Бамдатқа дәрет алып бара жатқан бұлардың бәрін сол ұста адалдаған-ды. Қорқып тұрған, жылап жатқан, шешелері аппақ сейсепті төсек салып дайындап тұрған баланың үстіне ұста кірген сәтте, ол жерге жарық таң шапағы кіргендей басқаша жылулық, сүйкімділік орнап қоя беретін. «Бұл ұстаның басқаша бір жайма-қоңыр жылулығы бар» десетін, «балаларды мейір шуағымен арбап алады» деуші еді, «осы ұстаны бізге жіберген аллаға мың шүкір» десетін.

Сол уақытта осы арадан өтіп бара жатқандардың бәрінің әке-шешесі осылай деген. «Қане, балам, «насыбайыңды» көріп, бір майлап қояйық» деп бастайтын ұста сөзін. Содан шынымен баланың «насыбайын» майлап, жұмсақ етіп басқаша бір жағымды уқалап-уқалап, терісі әбден қызғанда кішкене шымшып тұрып, қолын спиртпен жуып, содан болат ұстарамен лып еткізе қоятын. Балдардың білгені біледі, білмегені анасы берген ойыншыққа алданып жата береді. Ұста болса көне киіздің жұлымын күйдіріп, қан шығып жатқан жерге ақырын басып қояды. Сонда ғана «мұсылман болуыңмен», «жігіт болуыңмен», «сүндеттелуіңмен» деп туыстары балаға ақшасын, тапқан-таянғанын алып келеді, ұстаның болса алдына ас, үстіне тон тартылады. Одан ары ұста есікте сарғайып күтіп тұрған тағы басқа баланың әкесін ертіп шығып кетеді.

Сөйтіп ұста келген ауылдардағы үш немесе бес жастағы балалар шетінен жапыр-жұпыр сүндеттеліп қалады. Балалар бірі-бірінен «сені кім отырғызған» деп сұрайды, «бәленше ұста» деп біздің ұстаның атын мақтанышпен айтып жататын еді. Жетім балалардың, әкесі алыс сапарға кеткендердің үйіне өзі арнайы барып, о жердің жағдайы болса, балаларын сүндеттеп шығып кетеді. Жағдайы болмаса, өзімен ертіп кетіп, үйіне алып барып, мұсылман етіп қайтарады.

Сол балалар – қазір үлкен кісілер, мына ұстаның жанынан бірде-біреуі қайырылмастан, топырлап намазға өтіп барады...

* * *

Тағы төртеуі өтті. Екі әке, екі бала. Әкелері қартаң тартқан. Балалары орта жастан ауған. Бұл орта жастағы кісілердің жанындағы кәрі әкелері кезінде бардам еді, екеуі тең коммунист болған, біреуі райкомда нұсқаушы ма, басқасы ма, әйтеуір, бір белсендісі болушы еді, екіншісінің әкесі колхозда парторг болды. Екеуі де кезінде анау жоғары жақтан сескеніп, баласын сүндеттеді деген партиялық жаладан қорқып, сол балаларын осы ұстаның үйіне алып келіп, ас-ауқатын бастан асырып тастап кеткен-ді. Сонда ұста өзі ырымдап, бәрін қамырдан қыл суырғандай тындырып, содан әлгі шоңдардың қолына салып берген. Енді бұл екеуінің «коммунизм құрған» әкелері де молда болып, «бұл – адал, бұл – арам» деп әңгіме айтып отырады, оқта-текте дағауатқа да шығып қалады. Сол кезде ұстаның қолына балаларын тапсырған ескі коммунист – қазіргі молдалар да, он күндей дәм-тұзын татқан екі бала да, осылай әке орнына әкелік парызын атқарып, мұсылман еткен адамның жанынан жиіркеніп өте берді...

* * *

«Ұста» атанып, «ұста» даңқымен талайға жеткен бұл кісінің ісін кейін дәрігерлер жасайтын болды. Адамдар ескінің сарқыншағы деп ұстаны шақыруды қойды. Ол түгіл оны «шошақкесер» деп келемеждеп қалатындар да табылды. Сонда да ол ел қиналмай табатын болсын деп, жай ғана ашқан «шаштаразын» жаппай, өткен-кеткеннің шашын алумен әлектеніп жүрді. Қайткенде де бара-бара шаш алдырғандар да бұл жерге сирек бас сұғып, ақыры барып күніне келсе, бір-екеуі келіп, келмесе жоқ, бұлғаңдаған сандалбайлар бірте-бірте арақ ішетін жерге айналдырып, соңында өзі де қалайша соларға қосылып кеткенін білмей қалды. Бағады-қағады деген балалары да «коммерсант боламыз» деп бір жерлерге тентіреп қараларын батырды.

* * *

Намазгөйлер таң намаздан қайтты. Олар арық шетінде жан тапсырған ұстаны көрсе де көрмегенсіп, төмендегі көшедегі кісі өлген жерге бет көрсету үшін асығыс-үсігіс өтіп кете берді.

Ал ұстаға ертең келеді...

ӨМІР ДЕРЕК



Әбдікерім МҰРАТОВ – қырғыз жазушысы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Ол 1956 жылы 17 мамырда Қырғызстанның Ош облысында дүниеге келген. 1976 жылы Ош мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Бірнеше прозалық кітаптың авторы. Бішкек қаласында тұрады. Jas qazaq газетіне автордың екі әңгімесін ұсынуды жөн көрдік.

КҮН АПАЙ

– Жамбастап жата бермей, кір жууға биржадан біреуді алып келмейсің бе, қызметшіміз ауылға сұранып кеткен, екіншісі еңбек демалысында ғой? – Әйелі енді ғана теледидардың пультін қолына алған Медерге айтқанымды істей ме, істемей ме дегендей, әйелдік айламен сынай қарап, бұйыра сөйледі.

Мұндайда Медер әйелін шыбын шаққан құрлы көрмесе де, аяп кетті ме, не жексенбілік зерігуін бір сәтке болса да ұмытайын деді ме, әйтеуір, көлігінің кілтін алып, спорт киімімен тысқа бет алды.

– Дені дұрысын алып кел! Бір ұрыны, не маскүнемді жетелеп келмей! – Әйелі қатар-қатар темір есіктерін сартылдатып жауып жатып, ойындағысын ірікпей айтып қалды.

Медердің «жип» көлігі қаладағы жұмыс іздегендердің көшесіне кіргенде баяулап қалды: бергі басында төрт-бес еркек картаны сойып жатыр, жақындаған көлікпен де ісі жоқ, одан ары он шақтысы шоғырланып тұр екен, «Жипке» жапатармағай жүгіріп келді, «бұл крутойлар ақшаңды да бермейді» деген біреуінің дауысы естілді, тағы бірі «рэкет болып жүрмесін» дегендей болды. Медер көлігін ақырын жылжыта берді.

Сөйтіп топтасып тұрған әйелдерге жетті. Бәрі де тәртіп сақтап тұр, топтан біреуі ғана суырылып шығып, Медерге жақын келді:

– Жігіт, жұмыс бересіз бе?

– Иә! Әйеліме көмектесіп, кір жудырайын дегем.

– Жарайды! Кір машинасымен бе? Қол күшімен бе?

– Кір жуатын жерге алып барамын, сол жерде жуады.

– Қыздар, прачкада ойнағанға. – Әйел сөйтіп топқа бұрылғаны сол еді, арғы жақта тұрғандардың бәрі қол көтерді. Біреуі қол көтергендерге қарамастан, әлгі басшысын да елең қылмай, ентелеп келіп «жиптің» артқы есігін ашып, орындыққа отыра кетті.

Көтерілген қолдар да түсті. Әйелдердің басшысы да үн қатпады. Медер де аң-таң қалып, әлгі әйелге төтесінен:

– Бір күнге қанша аласыз? – деді, сол жерде бағасын келісіп алғысы келіп.

– Неге сұрадың, ақшаң жоқ па? Менің бағам бәрінен қымбат! Айда тәшкінді!

Медер көлігін орнынан баяу жылжытты. Содан үндеместен үй жағына қарай айдады. Бір көше өткеннен соң:

–Тоқтат! Басым сынып барады! Аванс берші! – деген артта отырған әйелдің өктем үні Медердің ойын шорт үзді. Ол шаһар шетінде құрылысы аяқталмаған таңдаулы жүз шақты үйдің не үшін кешігіп жатқан себебін ойлап, жетекшілерін алмастырсам, орнына кімді қоямын деп бас қатырып келе жатқан. Қол астында істейтін құрылысшыларының бәрін бір-бірден көз алдынан өткізумен әлек болып, артындағы жолаушысын ұмытып кетіпті. Оның үстіне жеке жүргізушісі бүгін демалуға рұқсат сұрап, рөлге өзі отыра қалған. Шошып кетті. Жол жиегіне шығып, үндеместен жүз сомдықтың бірін алып, арттағы әйелге соза берген еді, әлгі көліктің есігін де жаппастан ұша жөнелді де, «Баткенское вино» деген дүңгіршекке жүгіріп барып, қырлы стаканның біреуін толтыра құйдырып, онысын аузына тигізген бойда сылқытып салып, кетуінен келуі жылдам, көліктің артқы орындығына жалп етті.

Үнемі хош иісті ауа тазалығышты сеуіп жүрген «жиптің» ішін күлімсі иіс жайлады. Медердің жүрегі лоблып, желдеткішті қосып, дезодарантты байқатпай шашып қойды да, айнадан арттағы әйелге ұрлана көз тастады. Беті жайлаудың майлы топырағындай күйіп, бұғақтарын әжім іздері әлдеқашан айғыздаған, кір көйлекті семіз денесіне іліп алған бұл әйелдің бет-жүзін айнадан бір көргеннен-ақ Медердің бүкіл денесі шым етті. Неге екені белгісіз, мына тұрпат, мына жүз тым таныс сияқты. Кім еді? Кім еді? Есіне түсіре алар емес... Бірақ жақсы білетін, жақын танысындай жүзі соншалықты ыстық көріне бергені қалай... Қайдан көрдім, ә? Кім еді?

Әлгі әйел лоқсып қалды. Көліктің ішіне құсып жібере ме деп қауіптеніп, көлік жүрісін баяулатып еді, әйел:

– Айда! – деді. Дауысы да етене таныс. Өмір бойы өзімен бірге жүріп, құлағында жаңғырып тұрғандай еді бұл үн. Айнадан тағы бір рет ұрлана қарады. Қапысыз таныды. Сол! Иә, сол!

* * *

Қазір облысқа танымал болған Медер ол кезде ауылда, орта мектепті бітіруші сыныпта оқитын. Бірінші қыркүйекте директор олардың аты-шулы тентек сыныбына бір мұғалім қызды ертіп келді. Ақша бұлттай аппақ көйлек киген, шұлықсыз, оқтаудай түзу жалаңаш балтыры балалардың бәрін өзіне жалт қаратқан, қаттырақ «үп» десең, ұшып кетердей дірілдеген нәзік жанды бұл ауылдың балалары сол кезде алғаш көруі еді.

– Бұл апайларыңның есімі – Әтіргүл. Биыл университетті қызыл дипломмен бітіріп, біздің ауылға мұғалім болып келді. Сіздерге астрономиядан сабақ береді, тау басындағы біздің ауыл жұлдыздарға, Айға, Күнге жақын болғандықтан, апайларың аспан денелерін бақылап, ғылыми жұмысын жүргізіп, кандидаттық диссертациясына материал жинап, осы ғылым саласы бойынша танымал ғалым болмақ!

Директор жаңа апаймен оқушыларды осылай таныстырып жатқанда, тентек сыныптың тентектері арасындағы кейбір қыздар «мырс» етіп күліп жіберсе, тағы біреулер тауларға бір, аспандағы Күнге бір қарап, содан ілмиген инеліктей әлгі қызға бір қарап, іштерінен «жетісерсін» дегендей мысқылды көз салса, бір-екеуі жаңа мұғалімге көзін қысып та үлгерді.

Жаңа мұғалім дереу сабақты бастамақшы болып, директор шығып кеткеннен соң, журналды ашып, оқушылармен таныса бастады.

– Әбдірайымов! – Журнал басындағы бірінші оқушының тегін қалтырап-дірілдеп әрең айтты.

– Әбдірайымов! – Апай тағы бір мәрте бәсең дауысымен, ақырын, журналдан көзін алмай тізімнің басын қайталады.

Құдай ұрған Болат та орнынан қозғалмады. Балалардың бәрі оған бұрылып қарады.

– Мұғалім айтқанда тұру керек! – деді жаңа апай балалар қараған жаққа қарап, осы Әбдірайымов болса керек деп Болатқа тесіліп.

– А-а, сіз мұғалім бе едіңіз... – деді Болат жай қозғалып. Балалар күліп жіберді. Жаңа мұғалімнің құдай жүзі албырап, албырамақ түгіл шиедей болып қызарып, тілі таңдайына жабысқан қалпында, тізімді әрі қарай жалғастыруға дәрмені жетпей, мелшиіп отырып қалды.

* * *

Медер айнадан артындағы әйелге тағы бір мәрте ұрлана қарады. Қарайған беті қызыл шарапқа әбден уланып, шаштары сабалақтанып, тістері түскен.

* * *

Бара-бара Әтіргүл апай мен Медерлердің сыныбы ынтымақты болып кетті. Қайда барса да артынан қалмайды. «Сіздер менің қолдаушымсыздар, мен Күн болсам, сіздер күнді айналған жерсерік іспеттісіздер» деуші еді апайы. Иә, ол апай Күн еді, балалардың бәрі «Күн» дейтін. «Күн апай келе жатыр» дейтін. «Күн апайдан «бес» алдым» дейтін. «Күн апай кімді сүйеді?» дейтін. Күн апай... Күн апай...

* * *

Медер қайтадан артындағы кір жуушы әйелге көз қырын тастады. Күн апайын күн күйдіріп жіберген екен...

Күн апайының сондағы сөздері келді Медердің құлағына: «Күн – біз өмір сүретін Жер планетасына ең

жақын жұлдыз, Күн жүйесінің қақ ортасында тұрады. Күннің радиусы Жердің экватордағы радиусынан 109 есеге үлкен, салмағы Жерден 333 000 есе ауыр».

Сөйтіп оқытатын Күн апайы.

Бір жолы Күн апайы олардың сыныбын шаһарға алып барған. Аспандағы жұлдыздарды бақылаймыз деп телескоп көрсетіп жатқан-ды. Балалар кезек-кезек бір-бірімен таласып-тармасып, телескоптан аспанды қарап жатқан. Содан бір кездері қараса, Күн апайларының бір жігітпен тұрғанын көреді. Бүкіл мұғалімдер айтпақшы, «жынды сыныптың жынды балалары» жабылып, әлгі жігітті тепкінің астына алған. Ертесі қайтып келе жатқанда Күн апайлары көз жасына ие бола алмаған, балалардың бәрі бастарын салбыратқан күйі, дымдарын шығармай келген, тек қыздар ғана әндетумен болған еді...

Тағы бір жолы Күн апайы бұларды таудың ең биік шоқысына алып шығып, сол жерде жұлдыздарға қарай қолын созып, «мынау Орион, мынауы – Темірқазық, мынау – Жеті қарақшы, Айдаһар, анау қозғалады, мынау қозғалмайды» деп бәрін көрсетіп шықты. Сол баяғы Болат: «Күн апай, әрбір жұлдыз Күн болса, әрбір Күнде Жер болса, әрбір Жерде бір-бір Болаттан болса, солардың әрбіреуінің сіздей Күні бола ма?» – деп қалжың сұрақтарын жаудырған.

Бір мәрте терең шұңқырға түсіріп, апайы балаларға күндіз аспандағы жұлдыздарды көрсеткен...

Күн апайы сондай еді. Бұлар үшін нұрын төгетін Күн сияқты көрінетін. Балалардың бәрі оны үнемі қаумалап жүретін...

* * *

Медер айнадан тағы бір мәрте артындағы адамына қарады. Баяғы көз. Таныс көз. Күн сияқты күлімдеген көз. Басқасы қалмапты. Күн апайы жоқ... Көзі ғана қалған...

* * *

Бағдаршамның қызыл көзі жанды. Осы қиылыста Медер ауыр көлігін ақырын тоқтатты. Жаяу жүргіншілер жолды кесіп өте берді. Көлік тоқтаған бойда артындағы әйел есікті сарт еткізіп ашып, көшені кесіп өтіп жатқан адамдардың ағымына сіңіп кетті...

Қырғыз тілінен аударған
Гүлнұр ҚЫРАНБАЙҚЫЗЫ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Нұрағамның ізімен – фото емес этюдтер



«ӘЙ, БҰ ҚАЙ БАЛӘ БОЛДЫ ЕКЕН, Ә?..»

Ас-салаумағалейкө-ө-өм!..

Телефонның қоңырауын күтіп, ағамыз бірінші болып сәлем берсе екен деген «үмітпен» отырған ем. Торға топ етіп өзі түсті. Дереу құлағы шала еститін кемел қарияның дауысына салып жіберіп, керіле қалдым:

– Ә-әликс-с... әй, сәлемі түзу, айнал-ләйін... бұ қай балә болды екен, ә?..

Алдымен жайдарылана бір жарқылдап күліп алды. Әзілімді хош көрген сыңайлы! Мен білетін Нұрағам емес пе, сөзден тосылған ба, табан астында термелетіп ала жөнелді:

– Бұ сол ақсақал бола алмай жүрген інілерін ылдидан өрге, өрден төрге дейін шарқ ұрып іздеп, таппай шаршап жүрген жәй бала ғой, жәй бала...

Па, шіркін, Нұраға!

Қас-қағым сәттік диалогта – қас-қағым сәтті дәлме-дәл бейнелеу ісімен алпыс жыл бойы айналасып-арпалысып келетін хас шебердің мәртебесі, осылайша, бүгін де... үстемдік алды.

* * *

МЕН «ҚИЗАТЫППЕН» ҚАЛАЙ ТАНЫСТЫМ?!

Бір күні редакторымыз Әбілғазы Тоғызбаев ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Жұматай Қалығұловтың қасына мені – газеттің жауапты хатшысын, жегіп Қапшағайға іссапарға аттандыратын болды. Мақсатымыз – сондағы полиграфиялық жаңа тәсілмен шыға бастаған «Ильич нұры» газетінің тәжірибесін үйреніп қайту.

– Қизатыпқа барамыз! – деді Жұматай ағам шылымын шиырып шегіп тұрып. Риза. – Ол жуәрмектің де бет-жүзін көрмегелі біраз уақыт боп қапты. Өзіміздің қолымызға су құйған бала ғой, осында «Екпінді еңбекте» фототілші болған.

Содан бірнеше күн бойы Жұматай ағамның аузынан «Қизатып» түспеді. Бір күні шыдамадым, өйткені білгім-ақ кеп барады:

– Аға, ол кісінің фәмилесі қалай еді, аты неге Қизатып деп қойылған?

Жұматай ағамның ішек-сілесі қатып, ал кеп күлсін.

– Ағаңның аты – Нұрманбет. Әкесінің аты – Қизат. Өй, сен де қатырдың ғой... Фәмилесі сонда Қизатып болмай ма?

Нұрманбет «Қизатып» ағаммен Жұматай ағам арқылы алғаш рет осылай танысқам...

* * *

АВТОКАРДЫ АУЫЗДЫҚТАҒАН АВТОШАБОНДОЗ

Біз білетін, мен білетін Алматыдағы әріптестер арасында темір тұлпарды ең көп ауыстырып мінген осы Нұрағам шығар десем ешкім, сірә, дауласа қоймас! Шетелдік джипті былай қойғанда, құмда жарысатын «Мицубици» автокарыңызға дейін ерттеп мінді ғой, бұл көкем! «Жигулидің» барлық маркасының арқасын жауыр етті! Ең қызығы – осы «Жигулидің» елге жаңадан келе бастағандағы Нұрағамның қылығы...

Ол тұста ауылда тұрып шөмелелеп жүн, тонналап май өткізбесең, жеңіл көлік атаулыға қолың жете бермейді. Бір күні ел қатарлы май өткізбесе де, ауданда бес батпан беделі бар әрі ресми кезекте тұрған Нұрманбет ағамды ауданның бірінші хатшысы Заманбек Батталхановтың өзі шақырып:

– Әй, Нұрманбет, кезегің келді. Ауданға судай жаңа екі «Жигули», төрт «Москвич» түсті. «Жигулидің» таңдағаны сенікі, – дейді.

Абыройлы ағасының «Өй, мұның қалай...» дегеніне қарамастан, «Жигулиден» ат-тонын ала қашып, «Москвичті» мініп кеткен ғой сонда менің көкем. Бір білгіш досы: «Жигулиде» амортизатордың орнына серіппелі жуан сымтемір қойылған *(пружина)*, ауылды жерде ой-шұқыр көп, ұшып кетсе, шоңқиып отырып қаласың» деген ғой.

Әй, тас қапастағы мемлекетте өз нанымызды өзіміздің жасырып жеп жүрген заман ғой. Әйтпесе, «Москвичте» нем бар десейші, «Жигули» тұрғанда мөлдіреп, – дейді риясыз жымиып күлген автошабондоз ағам.

«ТӘЖДІ ВИРУС» ТӘЖІН ТАСТАП КЕТПЕСІН ДЕП...

Нұрманбет аға Қизатұлы, расында да, өзі қарапайым бола қалып айтқандай «жәй бала» ма?.. Ой-хой, о не дегеніңіз?!. Орайы келген тұста өлең жолдарын ойқастатып төгіп-төгіп жіберетіні бар. Өткен жазда пандемияның күйіп тұрған кезінде Алматыдағы үлкен бір құрылыс мекемесіне зәумен бас сұғады. Директорына кірейін десе, аузы-басын айқұш-ұйқыш шандып байлап алған хатшысы мен көмекшісі алдын кес-кестеп, маңайлатпайды. Есіктің алдын екі күн күзетіп, кетердегі Нұрағамның бір жапырақ қағазға жазып қалдырған сондағы қолтаңбасының қысқа-нұсқасы мынадай:

Тыңдасаңыз, аға сөзін айтайын,
Отырмай-ақ, босағаңнан қайтайын,
Екі күннен күзетіп есік алдын
Еңсем түсіп, екі жасқа қартайдым!

«Тәжді вирус» тәжін тастап кетпесін деп,
Тозақ оттың тозаңын төкпесін деп,
Алыс тұрып айтайын бір екі сөз
Өкпек желі өкпеден өтпесін деп!.. –

деп жалғасып, кете береді, кете береді.

АТТАН ТҮСУГЕ МҰРСАТ ЖОҚ, АҒА!

Зады Нұрағамның жаратылысы өзгешелеу біткен бекзат жан ғой! «Жетісуда» жеті жыл бірге қызмет істегенде дәл осындай екпінмен, дәл осындай шабытпен, жадырап-жайнап, күліп-ойнап жүріп қызмет істеуден әсте жаңылмайтын. Дәл бүгінгі таңда да солай! Сексеннің сеңгіріндемін деп үкімет берген зейнетақыны шытырлатып санап үйде отырған жоқ. Сол баяғы ауыздығымен алысқан арғымақтай жұлқынып, шаш-етектен асқан алуан-алуан шаруаның шашауын шығармай тындырып жүр. Бүгінгі қызмет орны – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Бас фототілші. Көмекшілері де бар...

– Ұлы Абайдай алыптың 175 жылдығы мерейтойын заман қасіреті тосын вирустың қыспағында жүрсек те мойымастан, абыроймен атқарып салдық. Шүкір! Алдымызда Ұлы Жамбылдың – әруағынан айналайын Жәкемнің 175 жылдығы да кеп қалды! Аттан түсуге, тіптен пұрсат жоқ, – дейді шырайлы жүзбен Нұрағам!

Ләйім аттан түспеңіз, аттан түспеңіз, ардақты біздің Нұраға!

Талғат СҮЙІНБАЙ,
Алматы

JAS QAZAQ ГАЛЕРЕЯСЫ

Ақылды кітап

Раушан КЕНЕ – жас ұстаз. 2-3 жастағы балаларға арналған «ақылды кітаптың авторы. Ол құрастырған кітаптың көмегімен кішкентай оқырман тез шешім қабылдауды үйренеді. Түстерді танып, сандарды ажыратып, саусақпен түрлі жаттығу орындай алады. Қызықты ойындар қол моторикасын арттырса, түрлі жаттығулар тілді дамытуға септігін тигізеді. Сурет салуға, жазуға баулиды. Қысқасы, баланың жан-жақты дамуына жол ашатын ақылды кітап.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА
Фото: Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *арнаулы тілші*
Әбдіманап КЕҢЕС – *жастар және ғылым*
Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ –
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ –
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2244;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым – 3000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.